

ҚАЗАҚСТАН
ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ

30 ЖЫЛ

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҒАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ

 **Almaty**
AQSHAMY

Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | www.almaty-akshamy.kz | №159 (6135) 30 желтоқсан, бейсенбі, 2021 жыл.

Жаңа жылыңызбен!

2022



МЕМОРАНДУМ

Инновациялық қаламен келісім жасалды



Әсел
ДАҒЖАН

Шаһар басшысы Б.Сағынтаев Шэньчжэнь мэрімен өзара түсіністік туралы меморандумға қол қойды.

Алматы қаласының әкімі Бақытжан Сағынтаев Қытайдың Шэньчжэнь қаласының мэрі Вэйчжун Цинмен бейнеконференция байланысы бойынша ынтымақтастық пен тәжірибе алмасу мәселесін талқылады.

Онлайн кездесу барысында қала әкімі Б.Сағынтаев пен Шэньчжэнь қаласының мэрі Вэйчжун Цин екі қала арасындағы өзара түсіністік туралы меморандумға қол қойды.

Ортақ мүдделер саласында «ақылды» қалалар, АТ-технологиялар, энергетика, инфрақұрылым, мәдениет және өнер, экономика және сауда, білім, туризм қамтылған. Тараптар тәжірибе алмасу және өзара тиімді ынтымақтастық туралы келісімге келді.

Заманауи Шэньчжэнь – Қытайдың инновациялық астанасы, онда Нобель сыйлығының лауреаттары, Тюринг сыйлығы және Филдс медалінің иелері басқаратын көптеген зертханалар құрылған.

Мұнда Huawei, Tencent, ZTE және басқа да көптеген танымал компаниялар орналасқан іргелі зерттеу институттары мен инновациялық орталықтар құрылады. Шэньчжэнь – ғылыми-техникалық инновациялар орталығы, өңірлік қаржы және сауда-логистикалық орталық ретінде белгілі.

ДЕНСАУЛЫҚ



Заманауи талаптарға лайықты

Алматыда ірі клиниканың қабылдау бөлімінің жаңа ғимараты ашылды



Нұржамал
ӘЛІШЕВА

Мегаполис әкімі Бақытжан Сағынтаев жұмыс сапары кезінде қаланың денсаулық сақтау жүйесін дамыту іс-шаралары аясында салынған №7 қалалық клиникалық ауруханасының қабылдау бөлмесін аралап көрді.

Медициналық мекемені кеңейту Алматының денсаулық сақтау жүйесін дамытудың жол картасы аясында жүргізілді. Бөлімше барлық заманауи талаптарға сай.

Қабылдау бөлімі қуатты автономды желдету жүйесімен, заманауи емдеу-диагностикалық жабдықтармен, соның ішінде компьютерлік томографиямен, рентген қондырғысымен, УЗИ аппараттарымен жабдықталған. Бұдан басқа, операциялық залдар, сондай-ақ, реанимациялық және қарқынды терапия палаталары қарастырылған.

Қабылдау бөлімінің жаңа ғимараты бар-

лық санитарлық және техникалық нормалар мен стандарттарға сай әрі білікті көмек көрсету үшін медициналық персонал дайындалған.

Жаңа ғимарат жылына 100 мыңға дейін науқас қабылдауға есептелген. Қалалық клиникалық ауруханаға бір күнде 300-ден 500-ге дейін пациент жүгінеді. Жылына – 80 мыңнан астам адам, оның 25 мыңға жуығы стационарда емделуде.

Бұған дейін Тәуелсіздіктің 30 жылдығы қарсаңында Наурызбай ауданындағы №36 емхана мен Алатау ауданындағы №25 емхана жанынан заманауи КТ-орталықтары ашылған болатын. Осының арқасында жоғары мамандандырылған медициналық-диагностикалық көмек алу үшін қадамдық қолжетімділік, сондай-ақ, шұғыл және жоспарлы пациенттердің патологияларын ерте анықтау мүмкіндігі қамтамасыз етілді.

Бұған дейін хабарлағанымыздай, бүгінде Алматының денсаулық сақтау нысандарының жабдықталу көрсеткіші – 91,5%. Анестезиология, реанимация және қарқынды терапия бөлімшелерінің жабдықталуы да

100%-ға жетті. Жедел медициналық жәрдем жұмысы жақсартылды, 3 жаңа қосалқы станция салынды. Бригадалар саны екі есеге артты. Автопарк 70%-ға жаңарды.

Тұңғыш Президент – Елбасы Н.Назарбаевтың тапсырмасы бойынша эпидемиологиялық қатерлер туындай қалған күнде кез келген жағдайға дайын болу үшін елдің ғылыми-медициналық әлеуетін шоғырландыру мақсатында Алматыда инфекциялық аурулардың көпбейінді ғылыми-зерттеу орталығының құрылысы басталды.

Биыл 3 емхананың, 9 отбасылық-дәрігерлік амбулаторияның құрылысы басталды. Балаларға шұғыл көмек көрсету орталығының және №2 БҚКА қосымша корпустарының, паллиативтік көмек орталығы бар жаңа онкологиялық орталықтың және Медеу ауданында көпбейінді стационар ғимараттарының құрылысы жүруде. 250 төсектік балаларды оңалту орталығын және 50 төсектік ерте араласу орталығын орналастыру үшін бұрынғы Алматы теміржол ауруханасын реконструкциялау және күрделі жөндеу жоспарлануда.

ЖАЙЛЫ ҚАЛА

ҚОҒАМДЫҚ КЕҢІСТІК – ҚАЛА КӨРКІ



*Алматының
Әуезов
ауданында
жаңа
қоғамдық
кеңістік
пайдалануға
берілді*

Алматы қаласының әкімі Бақытжан Сағынтаев жұмыс сапары кезінде Әуезов ауданындағы «Алтын бесік» шағынауданына барды. Мұндағы қараусыз қалған алаңқайларда ойын және спорт алаңдары жабдықталып, абаттандыру және көгалдандыру жұмыстары жүргізілді.

Бақытжан Сағынтаев «Алтын бесік» шағынауданының Трудовая көшесіндегі қоғамдық кеңістіктің абаттандырылуымен танысты. Бұрын аумағы 9 мың шаршы метр болатын бұл алаң қараусыз қалған еді. Алматы қаласы әкімінің тапсырмасы бойынша алаң тазартылып, тренажерлер, теннис үстелдері, воркаут-аймағы бар спорт алаңына айналды. Мұнда футбол және баскетбол, скейт алаңдары, балалардың ойын аймағы да қарастырылған. Аймақ заманауи үлгіде жарықтандырылып, бейнекамералармен жабдықталған.

Естеріңізде болса, бұрын бұл маңға жатақхана салу жос-

парланған болатын. Қала әкімі Бақытжан Сағынтаев аудан тұрғындарының өтініштерінен кейін шешім қабылдады.

Қазір мұнда футбол және баскетбол алаңдары, жүгіру жолдары бар спорт алаңы, балаларға арналған ойын алаңы, воркаут-аймақ және скейт-алаң салынды. Аумақ абаттандырылып, жарықтандырылды, урналар мен орындықтар қойылды, бұталар мен ағаштар отырғызылды. Жақын жерге 120 орынды балабақша салынады. Учаскенің бір бөлігі саябақ аумағы ретінде абаттандырылып, кіші сәулет пішіндері қойылып, гүлзарлар жасалды.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

КЕҢЕС



Рая
ЕСКЕРМЕСҚЫЗЫ

Алматы қаласының әкімі Бақытжан Сағынтаевтың төрағалығымен өткен Креативтік индустриялар кеңесінде биылғы жұмыстың негізгі нәтижелері мен алдағы екі жылға арналған даму жоспарлары қаралды.

Креативтік индустрияларды дамыту үшін музыка, кино, дизайн, жаңа медиа, жарнама және т.б. басым бағыттар айқындалды. Инфрақұрылым, білім беру ортасы құ-

Басым бағыт айқындалды

рылуда, қаржылық қолдау шаралары қабылданды.

Қаланың заманауи креативтік кеңістігін ұйымдастыру мақсатында Alatau Creative Hub ашылды. Depo Evolution Park құрылысы жүргізілуде, креативтік индустриялар паркі мен заманауи өнер мұражайын құру жоспарлануда.

De Montfort University Kazakhstan жаңа халықаралық университетінде мамандар даярлау үшін АТ және дизайн бойынша сұранысқа ие пәндер ашылды. Сонымен қатар, 11 креативтік бағыт бойынша Almaty Creative Class білім беру платформасы құрылды.

Ағымдағы жылы Almaty Creathon 2021 креативті стартаптар бойынша чемпионат өткізілді. Кеңесте креативтің үздік бес командасы Алматы әкімінің алғыс грамоталарымен марапатталды. Сонымен бірге, оларға Alatau Creative hub-да жұмыс кеңістігі берілді.

Кеңес барысында креативтік кеңістікті ұйымдастыру жөніндегі сарапшылардың ұсыныстары қаралды. Сондай-ақ, алдағы кезеңге, оның ішінде мегаполистің креативтік индустрияларын дамытудың нақты шараларын әзірлеу жөніндегі міндеттер айқындалды.

ТҰСАУКЕСЕР



Рая
ЕСКЕНДІР

Шаһар басшысы Бақытжан Сағынтаев Қазақстан Жазушылар одағының Алматы қаласында тұрып жатқан 136 мүшесінің жаңа кітаптарының тұсаукесеріне қатысты.

Қаламгерлердің қатарында Тәуелсіздіктің төл құрдасы 30 жас жазушының да кітабы жарыққа шықты. Танымал қаламгерлер мен жас жазушылардың еңбектерін басып шығару шығармашыл зиялы қауымды қолдау аясында қазақ әдебиетінің дамуына да қосылған ерекше үлес болып отыр.

Қала әкімі Бақытжан Сағынтаев жазушыларды кезекті басылымның жарыққа шығуымен құттықтап, олардың Тәуелсіздіктің қалыптасу тарихына қосқан үлесі мен өскелең ұрпақты тәрбиелеудегі маңызды рөлін ерекше атап өтті.

Өткен 2020 жылы қазақ әдебиетінде ерекше орын алатын 30 автордың шығармалары жарық көрді. Олардың қатарында Әнуар Әлімжанов, Қабдеш Жұмаділов,

Кітап қоры толықты

Алматыда Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай қазақстандық жазушылардың кітаптары таныстырылды



Қажытай Илиясов, Жәркен Бөдеш сынды классиктердің кітаптары 64 мың данамен жарық көрді.

Алматы қаласы әкімшілігінің қолдауымен жарыққа шыққан бар-

лық кітаптар қала кітапханаларының қорын толықтыратын болады. Аталмыш іс-шара барысында қазақ ақын-классиктерінің 24 кітап-альбомының тұсаукесері өтті.



ЖАҢА МЕКТЕП

Орын тапшылығы азаяды



Рая
ЕСКЕНДІР

Жаңа жыл қарсаңында Алматының екі ауданында жаңа форматтағы 3300 орынды екі мектеп ашылды.

Қала әкімі Бақытжан Сағынтаев жұмыс сапары барысында мегаполистің Алатау және Наурызбай аудандарында болып, жаңадан салынған білім ұяларын аралап көрді. Шаһар басшысы Наурызбай ауданының «Қалқаман-2» ықшамауданында жаңадан ашылып отырған 1800 орынды заманауи жиһаздармен, қажетті оқу құрылғыларымен жабдықталған №206 мектеп пен Алатау ауданының «Томирис» ықшамауданында салынған 1500 оқушыға арналған №205 мектепке келді. Осынау заманауи мектептердің іске қосылуы оқушы орнының тапшылығын азайтуға мүмкіндік беретін болады.

Пайдаланылуға беріліп отырған оқу орындары жиһазбен және оқуға қажетті техникалармен толық жабдықталған. Сонымен қатар, өзінің алғашқы оқушыларын келесі тоқсаннан бастап қабылдауға дайын. Қазіргі кезде мектепке қабылданатын оқушылардың тізімі жасалуда.

Айта кетерлігі, жаңа мектептер типтік жобалар бойынша салынбаған. Ғимараттарды жобалау кезінде оқу орындарына қойылатын жаңа стандарттар арнайы әзірленіп, қабылданды. Олардың басты ерекшеліктері – заманауи сәулет, ойластырылған кеңістіктік дизайн, кең сыныптар мен қоғамдық кеңістіктері бар эргономикалық интерьермен ерекшеленеді.

Жоба авторлары әр орынның ауқымдылығына бал ұясы секілді орналасқан кабинеттер есебінен қол жеткізді. Бұл нысан сыныптардың барынша табиғи жарықтан-дырылуын қамтамасыз етуге мүмкіндік берді. Кең дәліздер оқушылардың мектеп ішінде еркін жүруіне мүмкіндік береді.

Мұнда оқушылар мен мұғалімдердің оқып-білім алуы үшін барлық жағдай жасалған. Мектептерде спорт залдары, асхана, зертхана және басқа да қажетті кабинеттер қарастырылған. Мектеп



аумақтарында стадиондар бар, бос кеңістіктер барынша көгалдандырылған.

Сондай-ақ, жаңа мектептер заманауи Face ID қауіпсіздік жүйесімен толығымен жабдықталған. Ата-аналар балаларының мектепке кіріп, шыққаны туралы уақытылы хабарламалар алады. Үш жағынан кіретін жеке топтар қауіпсіз санитарлық-эпидемиологиялық режимді қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Бұған дейін Наурызбай ауданының «Ақжар» ықшамауданында №186 мектептің жаңа корпусы ашылған болатын. Алдағы жылы «Қалқаман» ықшамауданында 1500 орынды мектептің, «Қарғалы» ықшамауданындағы «Зерде» жекеменшік мектебінің, «Шұғыла» ықшамауданында 1200 және 1500 орынды екі мектептің, «Құрамыс» ықшамауданында 1200 орын-

ды мектептің құрылыстарын аяқтап, №15 санаториалық-мектеп интернатын реконструкциялау жоспарланып отыр.

Сонымен қатар, Алатау ауданында биыл 125 орынды №166 мектептің жаңа корпусы пайдалануға берілді. Қазіргі таңда «Саялы», «Нұркент», «Дархан» және «Рахат», «Мәдениет» ықшамаудандарында 6300 орынды 4 мектептің құрылысы жүргізіліп жатыр. Оларды 2022 жылы тапсыру жоспарланған.

Қаламыздың «Саялы-2» ықшамауданында 550 орынды және «Зерделі» ық-

шамауданында 600 орынды мектеп құрылыстарының ЖСҚ әзірленуде. Сондай-ақ, «Шапағат» ықшамауданында 600 орынды мектеп құрылысы үшін №150 мектепке іргелес жер учаскелерін сатып алу бойынша жұмыстар жүргізіліп жатыр.

Жалпы, Алматыда ағымдағы жылы қалалық бюджет есебінен 18 оқу орны салынды, онда 11 563 оқушы орны бар.

ЭТНОМӘДЕНИ ОРТАЛЫҚ

Өзекті мәселелер талқыланды



Әсел
ДАҒЖАН

Алматы қаласы әкімінің орынбасары Ержан Бабақұмаров қалалық этномәдени бірлестіктер басшыларымен кездесу өткізді.

Алматы қаласы Қазақстан халқы Ассамблеясы төрағасының орынбасары, қала әкімінің орынбасары Е.Бабақұмаров қаланың этномәдени бірлестіктерінің өкілдерімен кездесуде мегаполисте қоғамдық келісімді дамыту мен нығайтудың өзекті мәселелерін талқылады.

Кездесу ҚР Тұңғыш Президенті күні ашылған қалалық Достық үйінде өтті.

Кездесу барысында Достық үйінің жұмысын дамыту мәселелері, қалалық ҚХА-ның перспективалық бағыттары, мәдени-гуманитарлық және қайырымдылық салаларындағы ықтимал жобалар талқыланды.

Кездесуде 2022-2023 жылдарға арналған Алматы қаласы тұрғындарының этникалық топтары арасында мәдениетаралық коммуникацияны, өзара іс-қимыл мен интеграцияны одан әрі дамыту жөніндегі жұмыс тұжырымдамасы ұсынылды. Кездесуге қатысушылардың пікірін ескере отырып, құжат жобасына толықтырулар енгізіледі.

Е.Бабақұмаров қаланың 36 этномәдени бірлестіктер қалай орналасқанымен танысты. Кең ғимаратта дәстүрлерді, тілдерді, мәдениетті сақтау үшін барлық жағдайлар жасалған. Мұнда 24 кабинет, конференц-зал, тіл сыныбы, би залы, медиация және қоғамдық келісім кеңесі кабинеттері, сондай-ақ қоғамдық қабылдау бөлмесі бар.

Кездесу соңында Е.Бабақұмаров этномәдени бірлестіктердің белсенді мүшелеріне этносаралық қатынастарды дамытуға және қоғамдық келісімді нығайтуға қосқан үлесі үшін Алғыс хат тапсырды.

МӘСЕЛЕ

Қала әкімінің орынбасары Ержан Бабақұмаров Алматының білім беру мекемелерінде зорлық-зомбылықтың алдын алу және оған жол бермеу мәселелері бойынша кеңес өткізді. Кеңесте білім саласындағы өзекті мәселелер қозғалды. Оған аудан әкімдерінің орынбасарлары, қалалық басқарма басшылары, аудандық білім бөлімдері, мектеп пен балабақша басшылары қатысты.



Рая
ЕСКЕРМЕСҚЫЗЫ

Жиын барысында Ержан Бабақұмаров қалалық Білім басқармасы басшысына білім беру ұйымдарында зорлық-зомбылықтың алдын алып, оны болдырмау, анықтау туралы шараларды әзірлеп, бұл тұрғыда ақпараттық-ағартушылық жұмыстарды жүйелі түрде жүргізуді тапсырды.

Сонымен қатар, мектептер мен балабақшалардың басшылығы мен педагогикалық ұжымдарға ата-аналармен, балалармен және балалардың құқығын қорғау жөніндегі ұйымдармен, сондай-ақ ҰЕҰ-мен жұмысты тығыз ынтымақтастықта іске асыру қажеттігі баса айтылды.

Сондай-ақ, қала әкімі орынбасарының тапсырмасы бойынша барлық білім беру мекемелерінің басшылары үй-жайлар мен ұйым аумағының қауіпсіздігін қамтамасыз етуге тиіс. Оған қоса, білім беру ұйымының әлеуметтік-психологиялық ахуалына талдау жасап, зорлық-зомбылық қатынастарында басшылықтың, оқытушылар құрамының, студенттер мен ата-ана-

Балалар қауіпсіздігі – басты назарда



лардың жалпы саясатын әзірлеу қажеттігі айтылды.

Жиында нормативтік құжаттарды, мінез-құлық ережелерін, лауазымдық нұсқаулықтарды, іс-қимыл алгоритмдерін әзірлеп, зорлық-зомбылық жағдайларын болдырмауға жауаптыларды тағайындау тапсырылды.

Білім беру ұйымын психологиялық қолдау қызметін реформалауға және зорлық-зомбылықтан зардап шеккендерге, құқық бұзушылар мен куәларға көмек көрсету үшін әріптестік ұйымдарды белгілеп, олармен өзара іс-қимыл тетіктерін айқындауға ерекше назар аудару қажет. Сонымен қатар, Білім беру басқармасына білім беру мекемелерінің жайылық, инклюзивтілік және қауіпсіздік деңгейіне тұрақты

мониторинг жүргізу тапсырылды. Жиында балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және құқықтарын қорғау мәселелерінде аудан әкімдері орынбасарларының, білім басқармасы қызметкерлерінің, аудандық білім бөлімдері басшыларының және білім беру ұйымдары басшыларының жауапкершілігін күшейту баса тапсырылды.

Ержан Бабақұмаров аталған шаралардың барлығы зорлық-зомбылық пен оның салдары туралы хабардар болуға бағытталғанын атап өтті. Бұл ретте деструктивті көріністерге қарсылықтың тиімділігін арттыруға, оның ішінде жеке және әлеуметтік дағдылар мен педагогикалық құзыреттерді дамыту бойынша жұмыс жүргізу қажеттігі қоса қамтылды.



Жаһанды жайлаған пандемияға қарамастан еліміз биылғы жылды үлкен жетістіктермен қорытындылап отыр деуге болады. Жалпы, әлем елдері секілді бізде де биыл пандемиядан кейінгі экономикалық өсімді қалпына келтіруге баса мән берілді. Сонымен қатар, жылдың негізгі лейтмотиві Ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығын лайықты атап өту болды. 16 желтоқсан – әрбір отандасымыз үшін қастерлі мереке, айтулы дата. Мемлекет басшысының жұмыс кестесінде де басымдық негізінен осы екі мәселеге орайластырылды.

БАСТЫ МАҚСАТ – ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСІМДІ ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУ

Соңғы екі жылдағы пандемияның «соққысынан» кейін, әлем енді ғана ес жиып, етек-жеңін жинай бастады. Қазақстан түгіл азуын айға білеген алып мемлекеттердің өзі өндірістік, тиісінше, экономикалық дағдарысқа тап болды. Биылғы жылдың екінші жартысында ғана көптеген елдер тұралап қалған өндіріс орындарын қайта іске қосып, алыс-беріс пен барыс-келіс қайта жандана бастады.

Былырғыға қарағанда биыл біздің елде де айтарлықтай ілгерілеу байқалды. Осы жылы Президент Қасым-Жомарт Кемелұлының қатысуымен жалпы 500-ге жуық хаттамалық іс-шара өтті. Оның ішінде шетелдік және өңірлерге жұмыс сапарлары, өткізген түрлі мәжілістер мен отырыстар, халықаралық және республикалық форумдар, шет мемлекеттер мен үкіметтердің басшыларын қабылдаулары, кәсіпорындар мен әлеуметтік нысандарды аралап көру, еңбек ұжымдары өкілдерімен кездесулер және басқа да шаралар бар.

Мемлекет басшысының мерзімді басылымдарда 2 мақаласы және 2 сұхбаты жарияланды. Қасым-Жомарт Кемелұлы жыл ішінде өткен түрлі жиындарда 12 бейнеундеу жасады. Президенттің твиттерінде 350-ге жуық хабарлама жарияланды. Президенттің баспасөз қызметі Мемлекет басшысының қатысуымен өткен кез келген іс-шараны мейлінше кең таратып, халыққа ақпараттың толық жетуін қамтамасыз етіп отырады.

Сонымен қатар, Қасым-Жомарт Тоқаев биылдан бастап Қазақстан халқы Ассамблеясы мен Nur Otan партиясының Төрағасы қызметін де қоса атқарады. Бұл екі ұйымның да қоғамдағы саяси салмағы жоғары екені мәлім. Енді атқарылған шаруалардың ең маңыздысын тарқатып көрейік...

ХАЛЫҚТЫҢ ӘЛ-АУКАТЫН АРТТЫРУҒА БАСА МӘН БЕРІЛДІ

Пандемиядан кейінгі елдің экономикасын қайта қалпына келтіру шаралары аясында Мемлекет басшысы Үкімет пен облыстардың әкімдеріне азық-түлік пен әлеуметтік маңызы бар тауарлардың, жанар-жағармай мен дәрі-дәрмек бағасының қымбаттауына жол бермеуді тапсырды. Қазір осы бағытта ауқымды шаралар қолға алынып, жүзеге асырылып жатыр.

Ал биыл қабылданып, алдағы уақытта елге пайдасы тиетін шешімдер туралы айтсақ, Президент Жолдауында келесі жылдың 1 қаңтарынан бастап ең төменгі жалақы мөлшері 42 500 теңгеден 60 мың теңгеге көбейтінін айтты. Бұл өзгеріс 1 миллионнан астам адамға тікелей қатысты десек, жанама түрде барлық еңбеккерді қамтитыны сөзсіз.

Білім, ғылым, мәдениет, өнер және спорт салалары бойынша жаңа басымдықтар мен әдістер белгіленді. Халықтың игілігі жолында қолға алынған бастамалардың тиімділігіне, пайдалылығына баса мән берілді. Карантиндік шектеулердің ауыртпалықтарына қарамастан, мемлекет азаматтар алдындағы әлеуметтік міндеттемелерін толық орындады деп айтуға негіз бар. Бизнеске жан-жақты қолдау көрсетіліп келеді.

Мемлекеттік емес сектордың заңнамалық және институционалдық негізін жетілдіруге, азаматтардың белсенділігін арттыруға, азаматтық бақылау жүйесін қалыптастыруға бағытталған Азаматтық қоғамды дамытудың 2025 жылға дейінгі тұжырымдамасы бекітілді. Президенттік жастар кадрлық резервіне 8,6 мың азамат қатысып, көпсатылы іріктеуден 50 үміткер ғана өтті.

І қыркүйекте Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына арналған «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің негізі» атты дәстүрлі Жолдауын жариялады. Осы аса маңызды құжаттың негізінде орта мерзімдегі экономикалық саясатымыз айқындалып, 2025 жылға дейінгі дамудың Ұлттық жоспары мен Мемлекеттік жоспарлаудың жаңа жүйесі қабылданды. 10 ұлттық жоба бекітілді.

Президент осы бағыттағы тиімді шараларды жүзеге асыру мақсатымен отандық және шетелдік инвесторларды жобаларға тартуға шақырды. Еліміздегі инвестициялық ахуалды одан әрі жақсарту үшін әлеуетті инвесторларға айтарлықтай жеңілдіктер жасау жөнінде бастама көтерілді.

Президент ел өңірлерінің әлеуметтік-экономикалық дамуына ерекше мән берді. Отан-

дық кәсіпорындардың бәсекеге қабілетін арттыру аса маңызды болып отыр. Осы ретте Мемлекет басшысы бірқатар өңірге арнайы жұмыс сапарымен барып, аймақтардың өндірістік және шаруашылық әлеуетімен танысты, барымызды саралап, жоғымызды түгендеу үшін келелі кеңестер өткізді. Ақмола, Солтүстік Қазақстан және Алматы облыстарына сапары барысында өңірдегі жаңадан сайланған әкімдермен әңгімелесіп, бірқатар кәсіпорынның жұмысымен танысты, астықты алқаптағы шаруалардың жағдайы, ауыл шаруашылығындағы еңбек өнімділігін арттыру, агросекторды дамыту мәселелері ай-

Берік УӘЛИ, Қазақстан Республикасы Президентінің баспасөз хатшысы

АДАМ МЕМЛЕКЕТ ҮШІН ЕМЕС,

тылды, өңірді дамытудың басым бағыттары айқындалды.

Президент Маңғыстау облысына сапары барысында туристік кластерді дамытуға арналған жобалармен танысты. Шығыс Қазақстан облысына арнайы барып, Ақтоғай кен байыту кешенінің екінші фабрикасын іске қосты. Ақтоғайдағы өндіріс көзі болашақта еліміздің осы бағыттағы ірі өнеркәсібінің бірі болатыны сөзсіз. Бюджетке 80 млн. доллар кіріс кіргізіп отырған кәсіпорында 700 жаңа жұмыс орны ашылған. Қазірдің өзінде мұнда 3000-нан астам адам жұмыс істейді. Мемлекет басшысы осындай жаңа жұмыс орындарының, нақты жұмыс істейтін кәсіпорындардың ашылғанын көргісі келеді және Ақтоғай кенішінде: «Бұл Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығына тамаша тарту болды. Мен бұған дейін осындай нақты жобаларды жүзеге асыруға мән беру қажет деген едім. Жаңа кәсіпорын соның айқын дәлелі» деп ризашылығын білдірді.

Жамбыл облысында инвестициялық жобалармен танысып, Биологиялық қауіпсіздік проблемалары ҒЗИ қызметкерлеріне арналған жаңа тұрғын үйлерді, Otarbiopharm имунобиологиялық препараттар шығаратын биофармацевтика зауытын аралап көрді. Осы кәсіпорындардың әлеуетін байқады. Қарағанды өңіріндегі полиметалл кен байыту фабрикасын іске қосты. Ұлытау ауданындағы «Жошы хан» тарихи-мәдени кешеніне зиярат жасады.

Қасым-Жомарт Кемелұлы қараша айында Павлодар облысына барды. Екібастұз қаласындағы теміржол жабдықтарын шығаратын ірі екі кәсіпорынға арнайы ат басын бұрды. Бұл екі кәсіпорын да жергілікті халықты жұмыспен қамтып, өнімдерін еліміздің ғана емес, шет елдің де нарығына шығарып отыр. Мемлекет басшысы әрдайым аймақтарды аралағанда өнеркәсіп орындарының, зауыттар мен фабрикалардың жұмыс істеп тұрғанына көп көңіл бөледі.

Біздің елімізде ірі қалалар мен ауылдар ғана емес, сонымен қатар, моноқалалар да бар. Елдің дамуында шағын қалалардың алар орны ерекше.

Бұдан кейін Екібастұзда моноқалаларды дамыту жөнінде кеңес өткізді. Қазір Қазақстанда 89 қала болса, соның 27-сі моноқала екен. Онда 1,4 млн. адам өмір сүріп жатыр. Олардың күнделікті тұрмыс-тіршілігінен бастап, өзге елдімекендермен байланысы, тіпті шекаралық аудандарда көршілес елдермен қарым-қатынасына дейін аса маңызды.

Бүгінде моноқалалардың экономикасын әртараптандыру және шикізаттық емес секторларда баламалы өндірістер құру үшін 79 маңызды жоба іске асырылып жатыр. Әрбір моноқалада «Бизнестің жол картасы–2025» бағдарламасы аясында ақпараттық қызмет көрсететін кәсіпкерлерді қолдау орталығы жұмыс істейді. 2025 жылға дейін моно және шағын қалалардың инфрақұрылымын дамытуға жыл сайын 15 миллиард теңге мөлшерінде қаражат бөлінеді деп жоспарланып отыр.

Бұдан бөлек, Президент еліміздегі ең ірі мегаполис Алматы қаласына жұмыс сапарымен барып, еліміздегі қаржы секторы өкілдерімен жиын өткізді. Бұл алып шаһардың да өз басына жетерлік экономикалық, коммуналдық проблемалары бар, сонымен қатар ірі бизнес орталықтары мен кәсіпорындар шо-

ғырланған қала. Сол себепті, Алматының ел дамуындағы маңызы да ерекше.

Сонымен қатар, республиканың әкімшілік-аумақтық құрылымын жетілдіру ісі жалғасуда. Наурыз айында Президент Түркістан облысында жаңадан Сауран ауданын құру туралы Жарлыққа қол қойды. Оның әкімшілік орталығы – Шорнақ елдімекені.

Жалпы, биыл Мемлекет басшысы жұмысының тығыздығына, шетелдік сапарларға байланысты еліміздің кейбір өңірлеріне бара алмады. Бірақ сол өңірдің басшыларын қабылдап немесе телефон арқылы байланысып, өңірдің жағдайы мен даму перспективалары туралы есеп алып отырды. Яғни өңірлер үнемі Президенттің бақылауында.

Сондай-ақ, еліміз бойынша экономиканы әртараптандыруға, маңызды жобаларды жүзеге асыруға, жаңа жұмыс орындарын ашуға, аймақтың әлеуметтік-экономикалық мәселелерін шешуге, өңірлер арасындағы көлік қатынастарын жандандыруға басымдық берілді.

ТИІМДІ БАСТАМАЛАР ЕЛ ИГІЛІГІНЕ ҚЫЗМЕТ ЕТЕДІ

Халқымызда «Кенесіп пішкен тон келте болмас» деген керемет нақыл бар. Мемлекет басшысының бастамасымен осыдан 2 жыл бұрын құрылған Ұлттық қоғамдық сенім кеңесі – дәл осы мәтелдің дәлеліндей. Президенттің өзі бір сөзінде, оны өткен тарихымызда болған Ордабасыдағы, Күлтөбедегі, Ұлытаудағы ұлы жиындардың заманауи үлгісіне теңеген болатын. Ұлттық кеңес еліміздегі түйткілді мәселелерді ортаға салып, талқылап, түйіндерді кеңесіп шешетін өте тиімді алаңға айналды. Осы күнге дейін Кеңестің бастамаларын жүзеге асыру үшін 90-нан астам нормативтік-құқықтық акт қабылданды. Оның ішінде заңдар, Президент Жарлықтары мен Үкімет қаулылары, министрліктердің бұйрықтары бар. Бұдан Ұлттық кеңестің тиімді жұмыс істеп жатқанын көруге болады. Атап айтқанда, осы алаңда көтерілген ұстаздар мен дәрігерлердің жалақысы өсті; студенттердің, магистранттар мен докторанттардың стипендиясы көбейді; санитарлық-эпидемиологиялық бақылау комитеті құрылды; ерекше күтімді қажет ететін балаларға білім берудің жаңа ережелері бекітілді; оңтүстіктен солтүстікке қоныс аударған азаматтарға берілетін субсидия екі есе ұлғайды; игерілмей жатқан жер теліміне салынатын базалық салық мөлшерлемесі артты; ауыл шаруашылығы жерлерін шетелдік азаматтар мен заңды тұлғаларға сатуға және жалға беруге тыйым салынды; осы жылдан бастап жұртқа зейнетақы жинағының бір бөлігін мерзімінен бұрын алуға мүмкіндік берілді. Халық жинағының бір бөлігін осы күндері жылжымайтын мүлік сатып алуға, ипотекалық несиеді өтеуге және емделуге жұмсап жатыр. Соның арқасында 800 мыңға жуық азамат зейнетақы жинағын өз қажетіне жаратты.

Биыл мамырда «Сайлау туралы» Конституциялық заңға өзгерістер енгізілді. Осыған орай 25 шілдеде Қазақстанда тұңғыш рет ауыл әкімдерінің сайлауы өтті. Жалпы, 864 ауылдық округтің әкімдері алғаш рет тікелей дауыс беру арқылы сайланды. Нәтижесінде ауыл әкімдерінің құрамы 52 пайызға жаңарды.

Ауыл әкімдерінің сайлауы, ең алдымен, ауыл тұрғындарының мүддесі үшін жасалған игі іс деп бағалауға болады. Ақпарат құралдарында, әлеуметтік желілерде бұл бастаманың тиімділігі жөнінде көп жазылды. Жүргізілген сауалдамаларға қарасақ, азаматтардың басым көпшілігі сайлаудың оң шешім екенін қолдаған. Сондықтан Мемлекет басшысының ауыл әкімдерін тікелей сайлау туралы бастамасын билік пен қоғам қатынасының жаңа әрі тиімді үлгісі болды деп айтуға толық негіз бар. Енді тұрғындар өздерінің мүддесін қорғап, түйткілді мәселелерін нақты шеше алатын азаматқа үміт артады. Халық тұңғыш рет жергілікті атқарушы биліктің басшысын тікелей сайлау мүмкіндігіне ие болды.

Халықтың көңілінен шыққан тағы бір жаңалық – «**Айтылды – орындалды**» бастамасы. Мемлекет басшысының Жолдауларында, келелі жиындарда берген тапсырмаларының орындалғаны жөніндегі мәліметтерді Баспасөз қызметі жариялап отырады. Мәселен, Шығыс Қазақстан облысы, Күршім ауданындағы Қалжыр өзеніне қатысты мәселені ерекше атап өткен жөн. Алтын қазушылардың өзенді бей-берекет ластан жатқаны туралы жергілікті тұрғындардың жанайқайын «Айқын» газетінен оқыған Қасым-Жомарт Кемелұлы елді алаңдатқан осы жағдайға бірден назар аударып, құзырлы органдар мен облыс әкімдігіне түйткілді мәселені шешуді тапсырды. Нәтижесінде заң бұзып, қоршаған ортаға айтарлықтай зиян келтірген кәсіпкерлерге айыппұл салынды. Олардың кен өндіруге берілген лицензиялары кері қайтарылды.

Сонымен қатар, жерді жекеменшікке немесе жалға беру мәселесіне қатысты көпшіліктің көңілін күпті қылған түйткілді мәселе де шешімін тапты. Бұл жағдайдың бәрін көріп-біліп отырған Мемлекет басшысы өзі бастамашы болып, «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жер қатынастары мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына қол қойды. Аталған заң бойынша ауыл шаруашылығы жерлерін шетелдіктерге, азаматтығы жоқ адамдарға, шетелдік заңды тұлғаларға, халықаралық ұйымдарға және заңда көрсетілген басқа да тұлғаларға жекеменшікке және жалға беруге тыйым салынды. Жалпы, осындай мысалдарды көптеп келтіре беруге болады.

Президент қазіргідей құбылмалы әрі жаһандық бәсекелестік жағдайында мемлекеттің мүддесін қорғауға, алға қойған мақсатқа ұмтылуға баса мән береді. Оны үнемі айтып та келеді. Бұлай болмаған жағдайда көп нәрседен ұтылып қалатынымызды еске салып отырады. Осы ретте былтыр Президент COVID-19 індетіне қарсы отандық вакцина жасап шығару жөнінде еліміздің білікті медицина мамандарына тапсырма берді. Нәтижесінде Қазақстан ғалымдары QazVac және QazCoVac–P суббірлік вакциналарын жасап шығарды. Бұл халықаралық деңгейде жоғары бағаланып жатыр. Аталған жетістікті еліміздің келешегі үшін, мемлекеттің бәсекеге қабілеттілігін арттырып, өсіп-өркендеуі үшін жасалған маңызды қадам деуге болады. Қазіргі уақытта қазақстандық вакциналар ДДҰ-ға тіркелу үшін үміткерлер тізіміне енгізілді.



Бүгінде республика бойынша 9129 мыңнан астам адам екпенің бірінші компонентін, 8434 мыңнан астам адам екінші компонентін алды. Бұл – жалпы вакцина алуға тиісті азаматтардың 70 пайыздан астамы деген сөз. Сонымен қатар, 12 қарашадан бастап 12–17 жас аралығындағы жасөспірімдерге екпе салына бастады. Жақында қайта вакциналау жөнінде шешім қабылданды.

Сонымен қатар, осы жылдан бастап Ashuq қосымшасының енгізілуі азаматтардың тыныс-тіршілігі мен бизнес қоғамдастықтың экономикалық белсенділігін қалыпты жағдайға келтіруде тиімділігін дәлелдеді. Еліміз осындай цифрлы шешімдерді алғашқылардың бірі болып қолдана бастады.

Мемлекеттің кәсіпкерлерге онлайн-режимде қолдау көрсетуіне қатысты «бір терезе» қағидаты бойынша жұмыс істейтін «Бизнеске арналған үкімет» сервисі іске қосылды.

Ұлттық бірегейлікті қалыптастыру мәселесі де өзекті міндеттердің бірі. Азаматтардың санасын жаңғыртпай елімізде өзгеріс жасау мүмкін емес. Аға буынның бай мәдени мұралары, көрнекті ойшылдар мен тұлғалардың зияткерлік, гуманистік жетістіктері – халқымыздың өзіндік ерекшелігі, рухани өзегі және басты дінгегі. Осы ретте жыр алыбы Жамбыл Жабаевтың 175 жылдығы республика көлемінде аталып өтті. Азаттық жолында жанын аямаған көрнекті Алаш арыстарының бірі Әлихан Бөкейхановтың рөлі мен қосқан үлесі зор. Биыл бірегей тұл-

Еліміздің халықаралық байланыстарын нығайтуға бағытталған іс-шараларға тоқталып өтетін болсақ, биыл Қырғызстан Президенті елордаға мемлекеттік сапармен келді. Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Қырғызстан басшысы Садыр Жапаровпен екі ел арасындағы ынтымақтастықты одан әрі нығайту мақсатымен келіссөз жүргізді. Келіссөз қорытындысы бойынша Бішкекте Абайғұс, Нұр-Сұлтан қаласында Манас пен Шыңғыс Айтматовқа ескерткіш орнатылатын болды. Бұл бауырлас екі халықтың ынтымақтастығын одан әрі нығайтуға тың серпін береді.

Қазақстан Президенті биыл Оңтүстік Корея Республикасы мен Түркіменстанға мемлекеттік, Тәжікстанға, Бельгияға және Швейцарияға ресми сапармен барды.

Оңтүстік Кореяға мемлекеттік сапар барысында Президент Мун Чжэ Инмен кездесіп, Пусан қаласында Қазақстанның Бас консулдығын ашу жөнінде келісім жасалды. Сондай-ақ, 1,7 миллиард доллар болатын 30-дан астам келісімге қол қойылды. Сапардың ең бір көңіл толқытар тұсы, Сеулдегі Кибер университетінің аумағында Абай бюстінің ашылуы деуге болады.

Ал Түркіменстанда экономика, көлік қатынасы, білім, мәдениет, ауыл шаруашылығы және сауда салалары бойынша ынтымақтастықты дамытуға бағытталған 20 құжатқа қол қойылды. Сапар барысында 2022 жылы Түркіменстанның Қазақстандағы Мәдени

болған көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері. Қазақтардың осында орнығуына, кәсіп істеп, тамыр жаюына көп жағдай жасаған бірден-бір тұлға болғаны ақиқат. Осы маңызды жиын өтіп жатқан Демократия және бостандық аралының да Аднан Мендерестің тағдырына тікелей қатысы бар. Мен Қазақстан Республикасының Президенті ретінде қазақ халқының атынан Аднан Мендерестің рухына тағзым етіп, құшағы кең барша түрік халқына шынайы алғысымды айтамын», – деп өткен ғасырдың ортасында Түркия мемлекетінің үкімет басшысы болған Аднан Мендересті еске алды. Іле-шала Қазақстан Президентінің осы сөзін Түркияның ғана емес, күллі түркі әлемінің ақпарат құралдары цитата ретінде қайталап беріп жатты. Қазақстан Президентінің жан тебіренерлік сөзінен кейін бірден Түркия Президенті Режеп Тайип Ердоған сөз алып, үлкен алғыс білдірді. Тіпті, А.Мендересті өздері бірінші болып еске алмағандарына өкініш білдіріп, аса қатты толқып тұрып, өткен тарихқа тағзым жасалатынын, телеэкран арқылы көріп отырған барша түрік халқы А.Мендерестің және онымен бірге шейіт болған серіктерінің рухына арнап дұға жасауға шақырды.

Міне, аса үлкен мінберде өз ұлтыңа, туған халқыңа қатысты осындай ірі әңгімелер айтылып, бір-біріне шынайы жүрекжарды лебіздері білдіріп жатқанда жүрегі бар адам толқымай тұрмайды екен. Бұл – көңіл толқытып, көзге жас келтіретін өте нәзік дүние әрі

екі ел арасындағы бауырластық байланыстарды жоғары деңгейге көтеретін аса маңызды қадам.

Сонымен, жылдың басында біздің елімізге мемлекеттік сапарды қырғыз ағайындар бастаған болса, екінші көршіміз Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёевтің сапары биылғы жылдың жоғары деңгейдегі кездесулерін аяқтады деуге болады. Яғни желтоқсанның басында Өзбекстан Президенті мемлекеттік сапармен келіп, екі ел Президенттері Одақтастық қатынастар туралы декларацияға қол қойды.

Мемлекет басшысы БҰҰ Бас Ассамблеясының 76-сессиясы аясында өткен төрт бірдей іс-шараға – Жалпы саяси дебаттарға, БҰҰ-ның Азық-түлік жүйелері жөніндегі саммитіне, COVID-19 пандемиясы жөніндегі жаһандық саммитке және Ядролық қаруды толық жою жолындағы Халықаралық күрес күніне арналған жоғары деңгейдегі пленарлық отырыстарға онлайн-режимде қатысты.

Ауғанстанда болған жағдай бүкіл әлемнің назарын аударды. Мемлекет басшысы өзі қатысқан барлық халықаралық саммиттерде, конференциялар мен түрлі форматтардағы жиындарда ауған халқын қазіргі ауыртпалықтарымен бетпе-бет қалдыруға болмайтынына назар аударып, әлемдік қоғамдастықты Ауғанстанға мейлінше қолдау көрсетуге және ондағы ауыр гуманитарлық жағдайды түзеуге шақырып келеді. Бұл тұрғыда Қазақстан Ауғанстанға көмек көрсету жөніндегі БҰҰ-ның Миссиясын және Ұйымның Ауғанстандағы басқа да бөлімшелерін дер кезінде көшіріп алды. Қасым-Жомарт Кемелұлы Ауғанстанға гуманитарлық көмек жеткізу үшін тасымалдау алаңын ұсынуға және біздің елдің де қомақты үлес қосуға дайын екенін айтып келеді. Алматыда БҰҰ-ның Аймақтық қабырға құру жөніндегі бастама көтерілді. Жақында Президенттің тапсырмасы бойынша Мемлекет басшысының арнаулы өкілі Ержан Қазыхан Кабул қаласында болып, Ауғанстанға гуманитарлық көмек көрсету жөніндегі Қазақстанның шешімін жеткізді.

Сонымен қатар, Қазақстан астанасы аса жоғары деңгейдегі шетелдік делегацияларды көп қабылдай бастады. Жалпы, биыл Президент 80-нен астам халықаралық кездесу өткізіп, келіссөз жүргізді.

Қазақстан барлық бағыт бойынша сыртқы саяси аренадағы ықпалдастығын нығайтып келеді. Халықаралық байланыстардың да географиясы кеңейіп түсті. Ынтымақтастықтың барлық бағыты бойынша жандануы пандемиядан кейінгі кезеңдегі әлемнің қалыптасуына ықпал етуге тиіс. Сол кезде шекаралар ашылып, саяси, экономикалық, мәдени-гуманитарлық және халықаралық байланыстар жаңа деңгейге көтеріледі.

МЕМЛЕКЕТ АДАМ ҮШІН



ғаның 155 жылдығы және басқа да Алаш қайраткерлерінің мерейлі даталары атап өтілді. Елорда төрінде Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы және Міржақып Дулатұлы сынды ұлтымыздың ұлы тұлғаларына, сондай-ақ белгілі мемлекет және қоғам қайраткері Жұмабек Тәшеневке арналған ескерткіштер бой көтерді. Бұл мемориалдар Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығына орай ашылды.

Сонымен қатар, ұлттық бірегейлікті қалыптастыру ісінде ұлыстың ұлы күні – Наурыз мейрамының орны ерекше. Осы ретте Мемлекет басшысы Наурыз мерекесінің мәні мен маңызын қайта қарап, мазмұнын кеңейтуге, оның тәрбиелік маңызын, ұлттық-патриоттық сананы қалыптастыру сипаты мен экологиялық мотивін қайта қарауға шақырды.

Қорыта айтқанда, Мемлекет басшысы ұсынған барлық бастама ел игілігі үшін қызмет етеді.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР ЖАНДАНА ТҮСТІ

Биыл еліміздің сыртқы саяси белсенділігі былтырғыға қарағанда едәуір артты. Екіжақты қарым-қатынастар аясында шет елдерге жасалған 10 сапарды, сондай-ақ 20 мемлекетаралық саммит пен форумды қоса алғанда, Президенттің қатысуымен халықаралық сипаттағы 150-ге жуық іс-шара болып өтті.

Сыртқы саясатта еліміздің ұстанатын теңгерімді және конструктивті бағыты сақталды. Сондай-ақ, ұлттық мүддені қорғау, аймақтық және халықаралық қауіпсіздікті сақтау мәселесі басты назарда болды. Биыл Қазақстан Еуразиялық экономикалық одаққа және 2020–2022 жылдар аралығында Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңеске төрағалық етуде. Бұл еліміздің сыртқы саяси бастамаларына тың серпін береді және жауапкершілік жүктейді. Орталық Азия аймағындағы елдермен тату көршілік қатынастарды нығайту халықаралық ынтымақтастық бағытындағы маңызды басымдық болып қала береді. Соның ішінде пандемия кезінде Қырғызстан мен Тәжікстанға және аса ауыр күндерді бастан өткеріп жатқан Ауғанстанға гуманитарлық көмек көрсетілді.

күндерін өткізу жоспарланды. Сондай-ақ, Ашхабадта Түркіменстан Президентінің ұсынысы бойынша қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбайұлының мүсіні орнатылатын болды.

Тәжікстан Президенті Эмомали Рахмонмен келіссөз жүргізіліп, өзара сауда-саттықты 1 миллиард доллардан асыруды көздейтін және қазақ-тәжік қатынастарын жаңа деңгейге шығаратын екіжақты алты келісімге қол қойылды.

Сонымен қатар, Мемлекет басшысының Бельгияға сапары барысында Король Филиппен және Премьер-министр Александр Де Кроонмен келіссөздер жүргізіліп, сауда-экономикалық ынтымақтастық жөніндегі үкіметаралық комиссия құруға уағдаластық жасалды. Ал Швейцария Конфедерациясында осы елдің Президенті Ги Пармеланмен келіссөздер өткізіліп, жалпы құны 300 миллион доллардан асатын 6 коммерциялық келісімге және 10 коммерциялық емес құжатқа қол қойылды.

Бұдан бөлек, Қасым-Жомарт Тоқаев Ресей Федерациясына, Түркияға және Тәжікстанға жұмыс сапарымен барды. Қасым-Жомарт Тоқаев пен Владимир Путин Мәскеуде Ауғанстандағы ахуалға байланысты аумақтық қауіпсіздік, сондай-ақ интеграциялық бірлестік аясындағы ынтымақтастық мәселелері бойынша пікір алмасты.

Қазақстан Президенті Ыстамбұлда өткен Түркітілдес мемлекеттердің ынтымақтастық кеңесінің VIII саммитіне қатысты. Қасым-Жомарт Кемелұлы Түркітілдес мемлекеттердің ынтымақтастық кеңесін одан әрі дамытудың перспективалары, ұйым аясындағы ынтымақтастық туралы баяндама жасады. Осы жиында көзіміз көрген көңіл толқытар сәтті айтпаққа болмас. Президент сөзінің соңында бауырлас түрік халқына алғыс айта отырып, «Мен бүгін өте маңызды тарихи оқиға туралы атап өткім келеді. Бұл өткен ғасырдың ортасында тағдыр тәлкегімен тау асып, тас басып, арып-ашып Анадолы жеріне келген мыңдаған қазақ отбасын өз бауырым деп құшақ жайып қарсы алған Аднан Мендерестің жөнінде болып отыр. Ол өткен ғасырдың елуінші-алпысыншы жылдары, он жыл бойы Түркия Республикасының Премьер-министрі

ТҮЙІН

Естеріңізде болса, Мемлекет басшысы президенттіктің екі тізгін, бір шылбырын қолға алған кезде әділетті қоғам құру туралы айтқан болатын. Осыған дейін Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың бастамасымен атқарылған қыруар шаруаны, Тәуелсіз елдің тарихи көшін шашау шығармастан сабақтастыра отырып, өрлеуді басты мақсат етіп қойды. Сабақтастық пен әділдікті қос қанат қылып, өрлеу, яғни даму жолын жалғастырдық деуге толық негіз бар.

Бұл үш мақсатқа жеткізетін көзіміздің ағы мен қарасындай үш қазынамыз аман болсын. Ол Президент айтқан жер, тіл және береке-бірлігіміз.

XXI ғасыр білім мен біліктің заманы. Осы елдің болашағы, яғни менің замандастарым бірінші кезекте білімге назар аударып, шынайы бейіл қойғандары абзал. Жаңа ғасырдың жаңа талаптарына сай маман болуға ұмтылу керек. Мемлекет басшысы әр жиында, жастармен кездесулерінде, мақалалары мен сұхбаттарында үнемі білімді ұрпақ тәрбиелеу мәселесін айтып келеді. Екі жыл қатарынан Жолдауларында сапалы білімге үлкен тарау арнады. Бұл жайдан-жай айтыла салған әңгіме емес. Биылдан бастап тек қана мұғалімдердің жалақысын көтеру үшін алдағы үш жылда мемлекеттік бюджеттен 1,2 трлн. теңге жұмсалмақ. Өйткені, ұстаз түзелмей ұлттың түзелуі неғайбыл.

Біздің ұлтымыз демографиялық жағынан өсіп келеді. Енді ұлттық сапаны өзгертіп, ұлттық сананы қалыптастырған абзал.

Жуырда елордамызда Ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған салтанатты жиын өтті. Бұл өзі пандемияның шектеулерінен кейін өтіп отырған ең алғашқы алқалы жиын болды. Алты Алаштың баласы жиналған осы басқосуда Мемлекет басшысы үлкен мінберден толқып тұрып сөйледі.

«Асқар тау алыстаған сайын асқақ көрінеді. Біздің бабаларымыз қазақтың дербес мемлекет құрып, еркін өмір сүруге құқылы екенін тарих алдында дәлелдеді. Осылайша мыңжылдықтың тоғысатын тұста азаттық туы көгімізде желбіреді. Ұлттың ең ұлы мұраты – Тәуелсіздікке қол жеткіздік. Сол сәттен бастап Қазақ елінің ұлы көші болашаққа бет түзеді. Халқымыз өз мемлекетін құруға кірісті. Бұл – тарихи әділдіктің орнауы. Мүлдем жаңа геосаяси ахуалда мемлекет құру оңай шаруа емес, нағыз көшбасшының ғана қолынан келетін іс. Ең күрделі, бұлыңғыр кезеңде Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтай дара тұлға тарих төріне шықты. Анығын айтқанда, Тәуелсіздік шежіресі Елбасының қолымен жазылды», – деді Қасым-Жомарт Кемелұлы.

Мемлекет басшысы аргы-бергі тарихты қозғай келіп, осы тәуелсіз Қазақстанның жүріп өткен 30 жылын үш кезеңге бөліп саралайды. Сөйтіп, төртінші онжылдық қандай болмақ, Жер бедерінде, тарих тақтасында қазақтың алдағы тағдыры не болмақ деген салмақты сауалдарға жауап береді. Ал ол жауапта алдағы онжылдықта мемлекет, мемлекеттік аппарат, қала берді, өзін осы тәуелсіз елдің азаматымын деп санайтын әрқайсымыз атқаратын қыруар шаруалар мен міндеттер безбенделген.

Тәуелсіздікке тәу өткен алқалы жиында: «Біздің іс-әрекеттеріміз жемісті болуы үшін ұлт дамуының көкжиегін кеңейтіп, мемлекетіміздің болашағын айқындап алуымыз керек. Бұл ретте өз мүмкіндіктерімізді шынайы бағалау, елдің іргелі мүдделерін ескере отырып, барынша прагматикалық тұрғыда әрекет ету маңызды. Азаматтардың тұрмыс сапасын арттыруға қатысты алдымызда жаңа міндеттер тұр. Біз «адам мемлекет үшін емес, мемлекет адам үшін» негіз қалаушы қағидатын берік ұстанатын боламыз», – деді Президент.

Бұл міндеттерді орындау, жоғары нәтижеге қол жеткізу мына сіз бен бізге сын, қадірлі оқырман.

Қазақ елі тәуекел етіп Тәуелсіздіктің төртінші он жылдығына аяқ басты. Тарих көшіндегі еліміздің азаттығы баянды болсын!



БАС РЕДАКТОР БАҒАНЫ



Төрехан
ДАНИЯР

БЕРЕКЕЛІ БЕЛЕС
БОЛСЫН!

Міне, ең қасиетті, қастерлі құндылығымыз, басты байлығымыз – Тәуелсіздігіміздің мерейлі белесін қарсы алған 2021 жыл да тарих қойнауына еніп барады. «Өткен жылға өкпе жоқ» десек те, еліміз үшін бұл жыл оңайға соқпады. Өкініштісі, тосыннан келген «COVID-19» тәж-тажалы көп адамдарды жақындарынан айырды. Олардың арасында қаншама қаламдас әріптестеріміз де бар еді...

Мың жасаған шаһардың шамшырағы – «Almaty aqshamy» газеті мемлекетіміздің ақпараттық кеңістігіндегі өзіндік орны бар оңтүстік астанамыздың бас басылымы ретінде егемендіктің елең-аланынан бері Ел Тәуелсіздігінің жылнамалық шежіресін жазып келеді. Биыл да жыл бойы оқырмандарымызды ақжолтай жаңалықтармен, қала билігі мен мегаполис тұрғындарының тыныс-тіршілігімен қанықтырдық. «Ақшамдықтар» ә дегеннен-ақ жаһанды жайлаған індетпен күрестің алдыңғы сапында жүріп, оны ауыздықтаудағы міндеттерді қарашаға түсіндіруді қолға алды. Әлеуметтік қашықтық пен бетперде режимін сақтауды, екпе алу арқылы жақынына жанашыр болуды, ұжымдық иммунитетті қалыптастыруды, тұрғындардың азаматтық жауапкершілігін оятуды бағдар етті. Қала әкімдігінің пандемиямен күресудегі барлық шараларына ақпараттық қолдау көрсетті. Биліктің халықтың тұрмыс жағдайын жоғары сапалы деңгейге көтеру жолындағы барлық бағдарламаларына орай атқарылған жұмыстарды қалт жібермей, жақсылықтың жаршысына айналды.

ДДСҰ елімізді әлемді дүрліктірген пандемиямен күресте вирустың алғашқы «толқындарын» тежей алған қуатты мемлекеттердің санатында атады. Шүкір, екі жылдық алапат сынақтың қауіпті кезеңінен өткендейміз. Қазақ Елінің дүние жүзіндегі өркениетті деген санаулы ғана мемлекеттердің қатарында өзінің төл екпесін жасап шығаруының өзі отандық ғалымдарымыздың үлкен жетістігі. Отандық вакцина елімізде COVID-19 індетінің таралуына тосқауыл қоюда шешуші рөл атқарған екпелердің бірі. Барша халық болып ұжымдасып, төтеннен келген дертті ауыздықтап, қатерді бірте-бірте еңсеріп келеміз. Десек те, індет қаупі сөйілгенмен, құбылмалы кезеңнің «тосын сыйы» таусылар емес, енді әлемді коронавирустық инфекцияның «омикрон» штамы алаңдатуда. Пандемияның жаңа сын-қатерлерін тек ұжымдық иммунитетті қалыптастырып, әлеуметтік шектеу шараларын қатаң сақтай білсек ғана еңсере аламыз. Бұл – әркім үшін азаматтық парыз, әлеуметтік жауапкершілік дер едік.

Енді бірер күннен кейін үкілі үмітімізді жетелеп, күнтізбелік 2022 жылдың шымылдығын ашамыз. Келер жыл күллі адамзат баласы үшін осынау қатерлі дерттен арылар, қуаныштары мен жақсылықтары көп жыл болғай деп үміттенейік. Барыс жылы мемлекетіміз үшін, еліміздің әрбір азаматы үшін, «Ақшамның» әрбір оқырманы үшін сәтті, ырыс-ризығы мол жыл, берекелі белес болсын!

«Alatau Aqparat» ЖШС жанынан құрамына қазақ журналистикасының корифейлері Мұрат Әуезов, ҚР Журналистика академиясының президенті Сағымбай Қозыбаев, Қазақстан Журналистер одағы басқармасының төрағасы Сейітқазы Матаев секілді танымал қоғам қайраткерлері кірген шығармашылық даму жөніндегі кеңес құрылған болатын. «Жұлдызды» редколлегияның жұмысын әдебиеттанушы, Қазақстанның Еңбек Ері, танымал ақын Олжас Сүлейменов басқарады. Мұндай беделді патронаж біздің мақтанышымыздың нышаны ғана емес, сонымен қатар кәсіби өсу мен жеке даму үшін жоғары деңгей екені сөзсіз.



ӨТКЕН ЖЫЛҒА ӨКПЕ ЖОҚ,

«АҚШАМДЫҚТАР» СӨЗ АЛАДЫ



НҮРЖАМАЛ

Сүйрететін темір арбаға артып, бірнеше жерінен байлап қойған үлкен пакеті, 5 литрлік суы, қолына ұстаған бөлек тағы бір пакеті бар. Автобус жүріп кетіп қалып қоярмын дегендей жанталаса ентелей кіріп келе жатқандықтан есікке сыймай жатыр әлгі заттарымен.

Жүргізуші күтіп тұр. – Таң атпай құдалыққа шыққансыз ба, немене, мына жерді көшіріп жібердіңіз ғой, – деп әзілдеді орта жастардағы шопыр. Салондағылар күліп жатыр. Әйел де еріксіз күліп жіберді.

Автобус жүйткіп келеді. Жүргізуші ойланyp кетті ме екен, кезекті аялдамадан біраз өтіп барып кілт бұрылыс жасап тоқтады. Кейіндеу қалып қойған бір әйел ентіге жүгіріп жетіп, рахметін жаудырып жатыр.

– Көрдіңіз бе, мен сіз үшін маневр жасап барып тоқтадым ғой, – деді шопыр, аялдамаға тоқтауға міндетті екенін, соны ескермей қалғанын жуып-шайғандай. Тағы езу тартты.

Кезекті аялдамадан 6-7-лердегі бір қыз баланы әжесі отырғызып жіберген болатын. Өлгі

ЖАҚСЫЛЫҚ ЖАҚСЫЛЫҚТЫ
ШАҚЫРАДЫ

Күн әжептәуір қысқарған. Таңның өзі қараңғы қазір. Автобустамын. Терезеден сыртқа қарап отырмын. Көше жарықтары самаладай жарқырап тұр.

Кезекті аялдамадан жүгі көп бір әйел автобусқа міне алмай жатыр.

Сүйрететін темір арбаға артып, бірнеше жерінен байлап қойған үлкен пакеті, 5 литрлік суы, қолына ұстаған бөлек тағы бір пакеті бар. Автобус жүріп кетіп қалып қоярмын дегендей жанталаса ентелей кіріп келе жатқандықтан есікке сыймай жатыр әлгі заттарымен.

Жүргізуші күтіп тұр.

– Таң атпай құдалыққа шыққансыз ба, немене, мына жерді көшіріп жібердіңіз ғой, – деп әзілдеді орта жастардағы шопыр.

Салондағылар күліп жатыр. Әйел де еріксіз күліп жіберді.

Автобус жүйткіп келеді. Жүргізуші ойланyp кетті ме екен, кезекті аялдамадан біраз өтіп барып кілт бұрылыс жасап тоқтады. Кейіндеу қалып қойған бір әйел ентіге жүгіріп жетіп, рахметін жаудырып жатыр.

– Көрдіңіз бе, мен сіз үшін маневр жасап барып тоқтадым ғой, – деді шопыр, аялдамаға тоқтауға міндетті екенін, соны ескермей қалғанын жуып-шайғандай. Тағы езу тартты.

Кезекті аялдамадан 6-7-лердегі бір қыз баланы әжесі отырғызып жіберген болатын. Өлгі

бүлдіршін түсер кезде шопырға жолақысын ұсынды.

– Жарайды, төлемей-ақ қой, қызым! – десе де бала қолын алға әлі созып тұр, жолақыны алыңыз дегендей.

– Төлемей-ақ қой, балам, бара ғой, түсе бер, – деді тағы да жүргізуші. Қызыл телпекті қыз түсіп алып аппақ қардың үстінде томпаңдай жүгіріп бара жатты.

Автобус терезесіне қайта үңілдім. Сыртта да талай адам кетіп бара жатыр. Асығыс жүгіріп бара жатқандары бар. Таң да атыпты. Терезеден жарық түсті.

Міне, таңмен бірге тағы бір күн басталды. Әр күніміз қалай басталса, солай өтері ақиқат нәрсе.



МАРХАБАТ, КЕНЖЕ

Біз қаламды серік еткен журналист болғандықтан, қоғамның қайнаған ортасында жиі боламыз. Бағамдап отырсам, жыл бойы мен осындай бейтаныс жақсы адамдарды көп кездестіріппін. Демек, өмірімнің күнгейлі сәттері де көп болды дей аламын. Себебі, кездейсоқ куә болған әлгіндей кішкентай ғана көріністердің, оқиғалардың өзі адамды қанаттандырып, қуанышқа бөлеп әктері сөзсіз.

Ал қуанып тұрған адам жолында кезіккен барлық үлкенді-кішілі жағдайға қуанышпен, адамгершілікпен, жақсы көзбен, ізгі ниетпен қарайды. Демек, жақсылық жақсылықты шақырып тұрады.

Сіздің де бұл жылды көп қуанышпен түйіндегеніңізге сенемін.

ХАЛЫҚ САНЫ
КӨП БОЛУЫ ҚАЖЕТ



СЕРІК

Өткен жыл мен үшін ерекше сәтті жыл болды. Үш ұлдан кейін армандаған қызым дүниеге келді.

«Қыз әкеге жақын болады» деген рас екен. Көзімнің нұры – қызым өзімнен аумайды. Перзентханадан шығарғанда екі езуім екі құлаққа жетіп, бақыттан басым айналды. Аллаға мың тағзым, мың шүкір! Осыдан кейін үйімізде жылылық орнады. Қыз бала ана мен әкенің арасындағы жылы қарым-қатынасты тез сезіп қоятын шығар деген оймен, енді оның анасына да сыйластықпен қарауға тырысатын болдым. Ең бастысы, қызыма жақсы тәрбие бергім келеді. Ол үшін ата-анасы бір-бірін сыйлап, құрметтеуге тиіс. Шынында да, балаларыңның шат-шадыман күлкісін көрудің өзі үлкен бақыт екен. Биыл мейрамды балаларымыздың қасында өткіземін. Қызымның алғашқы жаңа жылын үйде атап өтеміз.

Келер жылдан күтер үмітіміз көп. Ең бастысы, халық саны көп болса екен деп армандаймын. Мемлекет демография саласына ерекше көңіл бөлуі керек деп есептеймін. Басқаша айтқанда, өз елімізде алаңсыз өмір сүру үшін халқымыздың саны көп болуы қажет. Халқы көп елдің тілі де, діні де, дәстүрі де ешқашан жойылмайды. Еліміз, елдігіміз мәңгілік болсын!

ЖЕТІСТІКТЕРІМІЗ ЖЕТЕРЛІК



Редакциямызда журналистік қызметімен қатар жеке шығармашылығына көңіл бөлетін жандар баршылық. Биыл Алматы әкімдігінің қолдауымен Ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай екі талантты әріптесіміздің кітаптары жарық көрді. «Almaty aqshamy» газеті Бас редакторының орынбасары, ҚР мәдениет қайраткері Әнуарбек Әуелбектің «Көңіл көктемі» атты поэтикалық жинағы мен жазушы, ҚР еңбек сіңірген мәдениет қайраткері, «Ве-

черний Almaty» газетінің журналисі Василий Шупейкиннің «Махаббат туралы ғана емес» атты кітабы оқырманға жол тартты. Ұсынылған шығармалар кітапхана қорын толықтырып қана қоймай, алматылықтардың жүрегінде лайықты орын алатынына сенімдіміз.

Редакция қоржыны газет тілшілерінің еңбегін бағалайтын марапаттар мен төсбелгілерге бай. Мәселен, биыл әріптесіміз Рая Ескендір журналистердің кәсіби мерекесі қарса-

нында «Ақпарат саласының үздігі» төсбелгісімен, газеттің «Қала тынысы» бөлімінің редакторы, ҚР Журналистер одағының мүшесі Нұржамал Әлішева ҚР Ішкі істер министрлігі Ұлттық ұланының II дәрежелі «Ұлттық ұлан қызметінің үздігі» және I дәрежелі «Ұлттық ұлан қызметінің үздігі» медальдарының иегері атанды. «Almaty aqshamy» газетінің жауапты хатшысы Роза Рақымқызы «Халық алғысы» төсбелгісімен марапатталды. Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай Almaty-akshamy.kz вебсайтының шығарушы редакторы Бақыт Ойса «Ерен еңбегі үшін» және ҚР Ұлттық мемлекеттік Кітап палатасының «Кітап мәдениетіне қосқан зор үлесі үшін» медальдарды кеудесіне тақты. Өнімді еңбек еткен газетіміздің жас журналистері де қалалық департамент, басқармалардың Алғыс хаты мен Құрмет грамоталарымен марапатталды.

Бұл жетістіктердің барлығы газет тілшілерінің тынымсыз еңбегі мен шығармашылық ізденісінің жемісі екені сөзсіз.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».



ЖЫЛ ӨТКЕН САЙЫН ЖАСАРМАЙСЫҢ...



ҚҰРАЛАЙ

Сынаптай сырғып тағы бір жыл өте шықты. Артта қалған 12 айға жасасам, өтіп бара жатқан жыл біздің ұжым үшін де, жеке басым үшін де жағымды жаңалықтарға толы болды. ...Анам көзі тірісінде «жыл өткен сайын жасармайсың, балам...» деп жиі айтып отыратын. Бүгін сол сөздің астарын түсінгендеймін. Расында да, жыл аяқталар сәтте өзіңнің бір жасқа есейгенінді, есейген сайын ойың да, қалауың да, алға қояр мақсатың, тіпті айналандағы адамдарға деген көзқарасың да өзгереді екен. Өзіңнен гөрі балаларыңның болашағына көбірек алаңдап, өзің жетпеген жетістікке солардың

жеткенін армандайтын тілек менің де жүрек түкпірімде жатыр. Міне, сол жолда балаларымның бақыты үшін, олардың ертең білімді, тәрбиелі ұрпақ болып өсуі үшін алдағы жылы да замана көшінен қалмай, еңбек ету – басты міндетім деп білемін.

Жеке басым келер болсам, шығармашылығымда жағымды жаңалықтар аз болған жоқ. «2021 жылғы Алматы қаласының дамуы» тақырыбына арналған БАҚ арасындағы байқаудың жеңімпазы атандым. Қазақстан Журналистер одағының Құрмет грамотасымен марапатталдым. Қазақстан Журналистер одағына мүше болдым. Бұл – менің еңбегіме берілген баға екені сөзсіз. Ендеше, алдағы жылы да дәл осы бағытпен, ізденіспен еңбек етуге дайынмын. 2022 жыл біз үшін өз жетістіктерімен, жеңісті, жемісті күндерімен келсе дейміз. Ең бастысы, басымыз аман, бауырымыз бүтін болсын! Келер жыл елімізге тыныштық, әр отбасына бақ-береке алып келсін!

ҮМІТКЕ ТОЛЫ ЖЫЛ БОЛҒАЙ!



РАЯ

шылығымда да жағымды жаңалықтар орын алды. Бұқаралық ақпарат саласындағы ұзақ

Әрбір адам Жаңа жылдан жақсылық, жаңалық күтеді. Менің де келер жылдан күтерім көп, алдыма қойған арманым асқақ.

Адам өмірінде сәулелі сәтке толы кезеңдер болса, өткен жылдың мен үшін есте қалар, естелік болар сәттері өте көп. Бұл жылы менің отбасымда жақсы жаңалықтар болды. Сонымен қатар, жеке шығармашылығымда да жағымды жаңалықтар орын алды. Бұқаралық ақпарат саласындағы ұзақ

жылғы еңбегімнің өтеуі іспетті «Ақпарат саласының үздігі» атандым. Бұған қоса, төл мерекемізге орай, бірнеше марапат иелендім. Әрине, бір қарағанда, ұсақ-түйек көрінгенімен мұндай марапаттардың өзі адамға шабыт берді екен.

Менің бұл жылғы жетістігім – сәл де болса ұқыптылыққа үйренгендеймін. Ысырапты қойып, үнемге көштім. Бұрын анам «Тарта жесең, тай қалар, қорқа жесең, қой қалар», ысырап жасамандар», – деп отыратын. Шынымен, дағдарыстан да, қиындықтан да шығудың ең төте жолы үнем екенін өмірдің өзі де дәлелдеп отыр.

Биыл әріптестеріммен бірге бірнеше жобаны қолға алдық. Оның жүзеге асуын енді уақыт көрсетер. Дегенмен, «шешінген судан тайынбас» дегендей, сабырмен соңын күтейік.



КЕЛЕР ЖЫЛДАН ҮМІТ КӨП



АЙКЕРІМ

БЕРЕРІҢ МОЛ БОЛСЫН, БАРЫСЫМ!

Сиыр жылы маған барынша жылы қабақ танытып, жақсы жаңалығымен қуантты. Тосын сыйы да аз болмады. Жайдарман жандармен жолықтырды. Расында, осы жылы көп адаммен танысып, білісіпін. Мүмкіндік те керек кезде табылып тұрды. Десе де, өзім жалқау болғандаймын. Бүгін бітер істі ертеңге қалдырып, күнтізбеден бір күнге кешігіп жүрген секілдімін. Келесі жылы сол әдеттен арылып, әр істі уақытында аяқтауға дағдылану жоспардың басында тұр.

Әрине, пенде болғасын біреуге ренжисің, көңілің қалады. Десе де, өмірдің тым қысқа екенін ескерсек, оны ренішпен өткізбеу керек секілді. Әр адамда мінез болады әрі ол оны өзгелерден ерекше етеді. Сиыр жылы маған соны ұқтырды. Әр адамның бойынан тек жақсы қасиет көруді үйрендім.

Ал отбасымда болған ең үлкен қуаныш – тұңғышымыз мектеп табалдырығын аттап, оқушы болды.

Барыс жылы берекесімен келсін деп тілеймін. Жаратушының берері таусылмасын. Жаңа жылда көпбалалы отбасылар қатарына қосылмақпыз.

Әр Жаңа жыл бізге бір жас қосып, есейтетіндей. Осыдан 3-4 жыл бұрын «арманда» десе, арманым басқаша болар ма еді, кім білсін?! Ал қазір, мына пандемия кезінде алдымен амандық тілейтін болдық. Денсаулықтың теңдессіз нәрсе екенін шын ұқтық. Ең бастысы, басымыз аман, бауырымыз бүтін болсын. Қалған дүние белсенді еңбекпен реттеледі деп білемін. Жүрегімнің түбінде студенттік кездегі кішкентай тілегім бар. Егер бұйыртып жатса, шет ел асқан көпбалалы студент болсам деймін. Өйткені, тіл үйрену, білім алу ешқашан кеш емес. Сондай-ақ, жүзуді үйренгім келеді. Мен бала кезден судан қорқамын. Осы жылы бойымдағы сол қорқынышты жеңіп, жеңімпаз атанғым келеді. Барыс жылы, сенен күтерім көп!



ӘСЕЛ

РУХАНИ БІЛІМГЕ КӨҢІЛ БӨЛЕМІН

Өзімнің жеке басым үшін Жаңа жыл күн мен түн теңелген 22 наурызда келеді. Бұл – соңғы жылдары саналы түрде қабылдаған шешімім. Бұрын-дары күнтізбе ғана ауысатын 31 желтоқсанды бүкіл елмен бірге атап өткеніміз рас еді. Халық болып қарсы алғандықтан ба, көпшілік психологиясы жеңіп кеткен де болар. Дегенмен, оң мен солын, ақ пен қараны ажырататын бүгінгі жастардың басым көпшілігі соңғы жылдары 31 желтоқсанға тек күнтізбе ауысатын күн деп қана қарайтын болған. Сондықтан өзім үшін тек бір жылғы уақытқа есеп беруге мән беремін.

Жақында құрбы қыздармен дәл осы 31 желтоқсан күні Алланың көркем есімдерін айтып, истиғфар жасап, пайғамбарымызға салауат айтып, жарысуды жоспарлап қойғанбыз. Яғни өзімізге, жан-дүниемізге үңіліп, рухани білімге көңіл бөлейік деп шештік. Себебі, қаңтар айының басындағы демалыс күндері өзіне уақыт арнауға өте қолайлы кез.

«Жылдың жаманы болмайды, Алланың тағдыры бар» демекші, әрбір күніме мың шүкір. Тәуелсіз, бейбіт елде өмір сүріп жатырмыз. Аспанымыз ашық, жұртымыз тыныш. Ойға алған жоспарлар мен арман-мақсатқа жету, жетпеуіміз тек өзімізге байланысты деп білемін.

Биыл көктемде Құрманғазы Садыбаев ұстаздың «Аят сырлары» деген сабағы жайлы жиі естіген соң «қатысу керек» деп ойлап, іштей ниеттен-гем. Бүгіндері сол сабаққа қатысып жүрмін. Ұстаздың екі сағат дәрісі адамның миына үлкен төңкеріс жасайды. Сабақтан шүкіршілігіміз артып шығады. Яғни мұның бәрі – Алланың шексіз мейірімі.

«Адам үнемі ниетін жаңартып отыруы керек» дегенді оқып едім. Сондықтан жақсы ой ойлап, ізгі іс істеп, білімімізді кеңейтіп, айналамызға пайдамыз тиетін ізгі жастардың қатарынан болуымызды баршамызға нәсіп етсін. Сіз бен бізге Алланың рақымы мен мейірімі шексіз болсын!

ЖОСПАР ТИЯНАҚТЫЛЫҚҚА ТӘРБИЕЛЕЙДІ

2021 жыл ел экономикасына оңайға соқпады. Қатерлі індеттің өршуі, карантин талаптарының күшейтілуі бизнеске де өз әсерін тигізді. Жылдың басы сәбіз бен картоптың қымбаттауынан басталды. Десек те, болашаққа деген сенім рухымызды асқақтатып, көңілімізді серпілтті.

Арамызда «Келесі жылы осылай етпесем» деп армандамайтын адам кемде-кем шығар. Осы ретте жоспарлаудың адам өмірінде алар орны мен маңы-

зы жайлы тың ақпараттармен бөліссем...

Психологтардың айтуынша, адамның жоқ дегенде 5 жылдық жоспары болуға тиіс. Сондай-ақ, сол бағытта әрекет етуді де естен шығармаған абзал. Жоспарды қатып қалған қағида деп қабылдауға болмайды. Неге десеңіз, жоспардың арқасында күніңіз босқа өтпейді, тиянақтылыққа тәрбиеленесіз, белгілі бір межеге жетесіз. Жоспар құру бар да, оны орындау бар. Демек, құру бөлек те, орындау бір бөлек. Күнделігіңізге, яки блокнотыңызға кесте сызып, ойға алған жұмысыңыздың тізімін жазып қойыңыз. Әр орындалған іске белгі қойып отырыңыз. Бір ескерте кететін жайт, жоспарыңыз қағазға түспесе орындалу-орындалмауы неғайбыл. Сондықтан қағазға түсіріп, сол бойынша әрекет етіңіз.



ДИНАРА

ӘР ЖЫЛДЫҢ ЖҮГІ АУЫР, БЕРЕРІ МОЛ

«Жаңа жылды қалай қарсы алсаң, жыл бойы солай өтесің» деген бар ғой, осы сөздің төркінін биыл түсіндім.

Денсаулықтың қадірін түсіндім. 31 желтоқсанда бас көтере алмай ауырып, жатып қалғаным сол еді, жыл бойы түрлі сырқатқа бейім болдым. Дегенмен, әр жылдың жүгі ауыр, берері мол. Сиыр жылында үйімізде қос қуаныш – мен қара шаңырақтағы оқуымды тәмамдап, магистр атансам, бауырым 11 жылдық білімін қорытындылап, өзі қалаған оқуына түсті.

Не десем де, өткен жылға өкпе жоқ. Осы жылды «өмір жолындағы аялдама» дер едім. Бір сәтке тоқтап, демімді алып, жан-жағымды қарайлап, алда жүрер жолдың бағытын іздедім. Жылды өзім мен жақындарыма арнадым. Келесі жылға арман-тілектер, нақты мақсаттар жетерлік. Оқырмандарды Жаңа жылмен құттықтаймын!



ГҮЛЖАНАТ

ЖЫЛ ЖАҚСЫЛЫҒЫМЕН ҚҰАНТСЫН

Сиыр жылында ерекше есте қалатындай естеліктер көп болды.

Армандаған оқуымды аяқтап, диплом алдым. Диплом алмай тұрып, мамандығым бойынша «Almaty aqshamy» газетіне жұмысқа орналастым. Бұл – осы жылы жеткен ең үлкен жетістігім шығар. «Ақшамдықтармен», жақсы адамдармен жолықтым. Сынақтар да аз болмады. Келер жыл тек жақсылығымен қуантсын!



АЙЖАН

ІЗГІ ТІЛЕКПЕН ІРІЛЕНЕТІН МАМАНДЫҚ

Бәріміз Жаңа жылдан жарқын белес, жаңа бақыт күтеміз. Әрине, ескі жыл да еліміз үшін жайдарлы болғаны сөзсіз. Биыл абыройлы азаттығымыздың 30 жылдығын дүркіретіп тойлап, ызғарлы Желтоқсан оқиғасының 35 жылдығын еңсеріп, амандықпен келер жылға адымдап келеміз. Жастарымыз өнерімен әлемді бағындырып, спортшыларымыз шет елде Көк Туымызды көкке көтерді. Абыройымыз асқақтап, мерейіміз марқайып келеді.

Журналистика – халық сынымен шыңдалып, ізгі тілегімен іріленетін мамандық. Мен оқуға түскенде бір ағайдың: «журналистика қыздарға арналған мамандық емес» деген сөзі есімде. Оның астарында «қыз бала үйде отыруы керек» деген жауыр ой қалыптасқан. Алайда, мен «нәзік жандылар да ауыр мамандықты оңай еңсереді» деп айтар едім. Сондықтан мен де «қыздар үшін жат» дейтін мамандықты жанымға серік еттім. 2019 жылы бакалаврды тәмамдап, мамандығымды одан әрі шыңдаймын деп шештім. Сол жылы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің журналистика мамандығына оқуға түстім. Биыл білімнің қара шаңырағынан «data journalism» мамандығын игеріп, «әлеуметтік ғылымдардың магистрі» атандым. 2021 жылдағы ең үлкен жетістіктерімнің бірі осы болды. Жыл басында «Almaty aqshamy» редакциясына жұмысқа қабылдандым. Аға буын журналистердің арқасында ел үнін тыңдап, қаланың мәселесі мен мәртебесін мақала етіп жазуға машықтандым. Биыл қол жеткізген екінші жетістігім – осы. Шынымен, «жас маман» деп сынамай, ақыл-кеңестерін айтып, қателігімізді түзеп, әрбір алға басқан қадамымызды қанаттандырып отырған «Almaty aqshamy» ұжымына алғысым шексіз. Келер жылы газет оқырмандарын шаһардың жағымды жаңалықтарымен қуанытып, мамандығымызға тіндеттелген абыройлы істі ойдағыдай орындайтынымызға сеніміміз мол! Жаңа жыл табысқа толы болсын!



ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

Мерейлі марапат



Жаңа жыл қарсаңында көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері, мәдениеттанушы Мұрат Дүезов Еуразиялық мәдениет қорының (ЕМҚ) дипломы және арнайы төсбелгісімен марапатталды.

Аталмыш Еуразиялық қор 10 жылдан астам уақыттан бері ауқымды мәдени акциялар өткізумен айналысып келеді. Қор Кеңесіне Еуразияның 27 мемлекетінің атынан 35 түрлі ұйым кіреді. ЕМҚ дирекциясы мен штаб-пәтері Алматы қаласында орналасқан. «Alatau Aqparat» медиахолдингінің ұжымы «Almaty aqshamy», «Вечерний Almaty» газеттерінің шығармашылық даму жөніндегі кеңес мүшесі Мұрат Мұхтарұлын Жаңа жылмен және келе жатқан туған күнімен шын жүректен құттықтайды!

Рая ЕСКЕНДІР.

БРИФИНГ

Мобильді аударымдар мәселесі түсіндірілді



суға көшу мақсаттарын көздемейтінін атап өтті. Ал мемлекеттік кірістер органдарына деректерді беруге қатысты барлық алаңдаушылықтар да негізсіз.

Банктерден мәліметтер алу кәсіпкерлік шоттарға түсетін төлемдер бойынша ғана жүргізілетін болады. Осылайша жеке аударымдарға салық салынбайды.

Мобильдік төлемдерге қатысты нормалар 2022 жылғы 1 наурыздан бастап күшіне енеді. Кәсіпкерлік қызмет белгілері бар мобильді төлемдер бойынша деректермен алмасу тек 2025 жылдан бастап жоспарланады.

Қазақстандықтарды жалпыға бірдей декларациялауға 2025 жылға дейін кезең-кезеңімен көшу қажет.

Жалпыға бірдей декларациялау ережелерін түсіндіру үшін «1414» бірыңғай республикалық нөмір платформасында салық және кеден мәселелері бойынша байланыс орталығы іске қосылды. Сонымен қатар, толық ақпаратты kgd.gov.kz ресми сайтындағы «жалпыға бірдей декларациялау» бөлімінен алуға болады. Бізде үш айдан бері сандық қолдасу темекі өнімдерін сатуға тыйым салынған. Алматы қаласы Мемлекеттік кірістер департаменті басшысының орынбасары Орынкүл Қазиева хабарлауынша, таңбалау – бұл тауар туралы негізгі ақпаратты: өндіруші, сериялық нөмір және оның орын ауыстыруын бақылау үшін қажетті өзге де мәліметтерді қамтитын ерекше белгі екенін түсіндірді.

Тауарларды таңбалау мәселелері бойынша тәулік бойы нөмір бойынша тегін жедел желі жұмыс істейді – 8 800 080 65. Сондай-ақ, кәсіпкерлерді қолдау және мәселелерді талқылау үшін Markirovka Qoldau Telegram чаты, 8 (727) 267-35-62 телефоны және Instagram @mkdalmaty_dgdalmaty қолжетімді.

Айта кетерлігі, тауарларды цифрлық таңбалау Еуразиялық экономикалық одақ (ЕАЭО) аумағында жүзеге асырылатын ұлтаралық жоба болып табылады. Міндетті таңбалау енгізілген соң көлеңкелі айналым үлесі едәуір төмендейді деп күтілуде.

Алматы қаласы Мемлекеттік кірістер департаменті басшысының орынбасары Орынкүл Қазиева Өңірлік коммуникациялар қызметінің онлайн-баспасөз конференциясында мобильдік аударымдар мен төлемдерге қатысты жиі қойылатын сұрақтарға жауап берді.



Серік ЖҰМАБАЕВ

Айта кетсек, желтоқсан айында ҚР-да «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Кодекске (салық кодексі) түзетулер қабылданды. Орынкүл Қазиева 2022 жылдың 1 наурызынан бастап ел мен мегаполис тұрғындарына қандай өзгерістер әсер ететінін айтты.

Алматы МКД өкілі елімізде шағын және орта бизнес соңғы жылдары кәсіпкерлік қызметте жеке тұлғалар арасындағы транзакцияларға арналған жедел мобильді аударымдарды жаппай пайдалана бастағанын атап өтті. Сондықтан да осы мәселені заңнамалық реттеу үшін «Мобильдік төлемдер» және «мобильдік аударымдар» ұғымдары айқындалды.

Мемлекеттік кірістер департаменті басшысының орынбасары атап өткендей, мобильді төлемдерді фискализациялау кез келген адам үшін жаңа салықтың пайда болуын білдірмейді, тек бизнесің қолданыстағы заңнамада қарастырылған салық міндеттемелерін орындауына бағытталған.

О.Қазиева аталған бастамалардың мақсаты цифрлық кеңістікте бизнесті одан әрі дамыту болып табылатынын және қолма-қол есеп айыры-

НЕ?



ҚАЙДА?



ҚАШАН?

Балаларға – базарлық

● Жексенбі, 2 қаңтар күні сағат 14.30-да Мемлекеттік қуыршақ театрында «Кішкентай бақаның шым-шытырық оқиғасы» спектаклі болады.

● Дүйсенбі, 3, 4, 6 қаңтар күндері сағат 14.30-да, 5 қаңтар күні сағат 10.00-де «Қасқыр мен жеті лақ» қойылымы өтеді.



Көрмелер көрерменін күтеді

Ө.Қастеев атындағы өнер мұражайында 16 қаңтарға дейін «Мен көру үшін көзімді жұмдым» атты көрме өтеді.

Дәл осы мұражайда 20 қаңтарға дейін «Ұшқан ұя» көрмесі болады.



«Aspan Gallery» көрме залында 31 қаңтарға дейін «Ғасырларды бағындырған талант... немесе Гитлер болмас үшін» көрмесі өтеді.

Кіру – тегін.

Айдынды шалқар көл әсем



1–3 қаңтар күнгі демалыс күндерін Көлсай көлінде өткізуге тамаша мүмкіндік бар.

Жолға шығу үшін Байтұрсынов, 100 мекенжайында жиналу керек.

Демалыс – ақылы.

2 қаңтар күні Көлсай және Қайыңдыға 1 күндік сапар. Уақыты 04.30 – 23.00

Демалыс – ақылы.

Жаңа жылды жүгіруден баста



Салауатты өмір салтын ұстанатын алматылықтар Жаңа жылдың алғашқы күнін көңілді әрі есте қаларлықтай етіп өткізу үшін жарысқа шық-

пақ. VII Орталық Азиядағы ең үлкен әуесқой спорттық мереке – «Алматы марафоны» 1 қаңтар күні, сағат 12.00-де басталады.

Жарысқа қатысушылар спорттың бірнеше түрі бойынша тандау жасап, 7, 21, 42 шақырым қашықтыққа жүгіре алады. Марафонда сондай-ақ, скандинавиялық жүріс пен балаларға арналған 2022 метр қашықтыққа жүгіретін арнайы жаңажылдық жарыс ұйымдастырылады.

Бұдан басқа биыл әуесқой жүгірушілер өздері қалаған арақашықтыққа трекинг жүйесіне қосылу арқылы Қазақстанның және әлемнің кез келген басқа қаласынан қатысуға мүмкіндік болды.

Халық арасында денешынықтыру, спорт және салауатты өмір салтын насихаттауға бағытталған жарыстың ерекшелігі сол, қатысушылар спорттық киімдермен емес, карнавалдық костюмдер киіп, жүгіреді.

Жарысқа қатысу үшін спортсүйер қауым 1 қаңтар күні, сағат 12.00-де Баум тоғайына жиналады.

Көңілге қонар фильм көр



Алматы кинотеатрлары қала қонақтары мен тұрғындарына мереке күндерін жақсы өткізу үшін бірқатар кинопремьералар ұсынады. Прокатқа бірден екі отандық комедия шығады. Көрермен жүрегін жаулаған «Қазақша бизнес» фильмінің жаңа бөлімі отандық кәсіпкердің Түркиядағы бастан кешкендерін баяндайды.



«Менің үлкен қазақы отбасым»

Комедия көрерменге жол тартты. Ата-ана мен бала арасындағы отбасылық қарым-қатынасты көрсетеді.

Жаңажылдық кештерді шетелдік «Сантаға іздеу салынады» кинокомедиясы жалғастырады. Таңғажайып әлемге жетелейтін «Үлкен қызыл төбет Клиффорд» фильмі де көптің көңілінен шығатын фильмдер қатарында.

Кинотеатрларға жай күндері Ashyq қосымшасы арқылы «жасыл» және «көк» статусы бар азаматтар, ал демалыс күндері тек қана «жасыл» статусы бар азаматтар кіре алады.

Фильмдердің уақытын Алматы кинотеатрларының кестесі арқылы білуге болады.

Әзірлегендер Әсел ДАҒЖАН, Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ.



МАМАН ПІКІРІ



Алматы қаласындағы №11 емхананың дәрігері Перуза Арықова Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифинг барысында егер тұрғындар тегіс вакцина салдырмаса, «омикрон» да, «дельта» да дес бермейтінін айтты.

Ревакцина ағзаға күш береді

«Ревакцина – бұл коронавирусқа қарсы вакцинаның үшінші дозасын алу. Кейде «үдеткіш» вакцина қолданылады, яғни тағы бір қосымша екпе салынады. Себебі, уақыт өте келе ағзаның инфекциядан қорғану қуаты төмендейді. Сондықтан иммунитеттің құрамдас бөліктері қайтадан күш алып жұмыс істеуі үшін вакцинаны қайталау керек», – деп түсіндірді инфекционист-маман.

Ол қазіргі таңда коронавирусқа қарсы қолданылып жатқан вакцина-лардың тиімді екенін, бірақ уақыт өте келе әлсірейтінін айтты. Сондай-ақ, бустерлік вакцинаның ағзаны коронавирустық инфекцияның снуінен едәуір қорғайтынын, оған күмән жоқ екенін тілге тиек етті.

Перуза Арықова коронавирусқа қарсы вакцина кез келген адамға рұқсат етілгенін айтты. Тіпті, созылмалы аурулары бар адамдар да вакциналаудан өтеді.

«Коронавирус созылмалы аурулары бар адамдарда ауыр өтеді, тіпті өлімге әкелуі де мүмкін. Қауіпті

инфекция қан тамырларының тонусына, тромбозға әкеп соқтырады. Сондықтан емхана дәрігерлерінің кеңесінен кейін баршаға екпе алуды ұсынамын», – деді дәрігер.

Маман сөзіне сүйенсек, ковидке қарсы екпенің қарсы көрсетілімдері аллергияның ауыр түрімен ауыратын адамдарда, Гийен Баре ауруы кезінде, жүйке жүйесінің үдемелі аурулары бар пациенттерде болады. Созылмалы аурулардың өршуі кезінде вакцина алуға болмайды.

Сондай-ақ, дәрігері 12 жастан асқан жасөспірімдерді вакциналау өте маңызды екенін атап өтті. Вакциналаудан кейін инфекция орнының ауыруы, терінің аздап қышуы, температураның көтерілуі, жалпы субфебрилит, катаральды көріністер, бас ауруы түрінде жергілікті реакция болуы мүмкін, бірақ оның өзі қысқа мерзімге ғана көрініс таппақ. Сондықтан ата-аналардың екпенің жанама әсерлері болуы мүмкін деп алаңдауына еш негіз жоқ дейді маман.

МАМАН КЕҢЕСІ



Алматы қаласы «Жас қанат» МСАК орталығы бас дәрігерінің орынбасары Қарлығаш Бейісбаева да пандемияны тоқтатудың және біздің елге де «омикрон» келген жағдайда қорғанудың жалғыз жолы – ревакцина екеніне сенімді.

Қорғанудың жалғыз жолы

«Ревакцина – вакциналаудан кейін түзілген иммунитетті сақтауға бағытталған қайта егу. Бұл процедура үдеткіш инфекция деп те аталады, яғни «күшейту» екпесі. 6 ай өткеннен кейін вакциналаудың толық курсы алған адамдарға бір рет бір дозамен жасайды», – деп түсіндірді бұл жайында Қ.Бейісбаева Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифинг барысында.

Маман пікірінше, үшінші вакциналаудан кейін адам ағзасы бактериялармен немесе вирустармен бірнеше рет беттескен кезде онымен қалай күресу керектігін «білетін» нақты антиденелер шығарады.

Мегаполис клиникаларындағы қолда бар препараттармен қайта вакциналануға болады. Олардың барлығы өз тиімділігін көрсеткен.

Қарлығаш Бейісбаева «омикрон» әлем бойынша асқан жылдамдықпен тез таралып жатқанын айта келіп, тұрғындарға дәрігерлердің ұсыныстарына құлақ асып,

ревакциналау қажеттігін еске салады. Жасөспірімдер мен жүкті әйелдерге де вакциналау өте маңызды екенін тілге тиек етті.

«Жасөспірімдер – бұл балалардың бойында гормоналды өзгерістер бар ерекше тобы. Олардың жастау балалардан айырмашылығы – әлсізметтік ортада әрдайым тым белсенді, сондықтан оларда індетті жұқтыру қаупі жоғары әрі инфекцияның қоздыру көзі. Айта кетерлігі, коронавирус жұқтырған жағдайда балаларда ішкі мүшелерге әсер ететін Кавасаки мультисистемалық қабыну синдромы пайда болуы мүмкін. Сондықтан біз ата-аналармен әңгімелесе отырып, 12–18 жас аралығындағы жеткіншектерді Pfizer компаниясы шығарған вакцинамен вакциналануға шақырамыз», – дейді дәрігер. Сондай-ақ, жүкті әйелдерге де екпеден қорқудың қажеті жоқтығын айтты.

Дәрігер-маман сөзінің соңында алматылықтарды Жаңа жыл мерекесін отбасылық шағын ортада атап өтуге шақырды.

БРИФИНГ

АМАНДЫҚ БОЛҒАЙ!

Алматы қаласы Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау департаменті басшысының орынбасары Сәдуақас Байғабылов көпшілікті жанажылдық демалыс күндерін тиімді пайдаланып, өз денсаулығын қадағалауға, вакцина алуға және қайта егілуге шақырды.

Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингте ол Алматыда әзірге эпидемиологиялық ахуалдың тұрақты екенін атап өтті. Дегенмен, босаңсуға негіз жоқ. Себебі, әлемге жылдам таралып жатқан «омикрон» бізге де келуі мүмкін.

С.Байғабыловтың айтуынша, бүгінде алматылықтардың ұжымдық иммунитеті 59%-ды құрайды. Ведомство басшысының сөзіне жүгінесек, коронавирусты көбіне 20 жастан асқан вакциналанбаған азаматтар жұқтырады. Сырқаттанғандардың 95%-ы негізінен сауда нысандарынан (33,8%,) сосын қоғамдық көліктерден (25,4%), от-

басындағы қарым-қатынастан (27,2%) және базарлардан (8,7%) жұқтыруда. Сондықтан тұрғындардың вакциналанғаны және ревакцина қабылдағаны абзал деп отыр мамандар.

Спикер Ashyq қосымшасының жұмысы туралы да айтып өтті. Өзін-өзі оқшаулау режимін бұзғаны үшін «қызыл» мәртебесі бар 3144 тұрғын қомақты айыппұл төлеген, олардың есімдері БАҚ-та жарияланды.

Спикер «қызыл» мәртебе қозғалысты шектеуді, амбулаториялық бақылаудағы адамдар үшін үйде оқшаулаудың қатаң режимін сақтауды білдіретінін еске салды.

Мәселен, 9 сәуірден бастап қазіргі уақытқа дейін Алматы қаласының 11 051 тұрғынында «қызыл», ал 1355 адамда «сары» мәртебе расталды.

Тексерушілер 2309 «қызыл» тұрғынның кісі аяғы көп жүретін сауда-ойын-сауық ғимараттарына кірмекші болғанын анықтады. Ал 788-і базарлардың кіреберісінде, 796-ы дүкендерде, 49-ы әуежайда тіркелген.

ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯ

ӘУЕДЕГІ ЖЕДЕЛ ЖӘРДЕМ

Медициналық авиация қазақстандық пациенттер мен шет елдегі отандастарға шұғыл көмек көрсетеді. Жаңа технологиялар авиация жұмысын жылдам, сапалы және тиімді етуге көмектеседі.

Бұл ведомствоның қызметі туралы Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен онлайн-брифинг барысында ҚР ДСМ «Ұлттық шұғыл медицинаны үйлестіру орталығы» басқарма төрағасының орынбасары Ғұмырбек Ағыбаев айтып берді.

Спикердің айтуынша, медавиация орта есеппен алғанда, екі араға тәулігіне 3-тен 15-ке дейін қатынайды. Дәл осы медициналық авиация маршруттың қиындығына қарамастан, көмекке аса мұқтаж жерлерге уақытпен санаспай ұшып жетеді.

«Біз жедел көмекке көбіне жолкөлік оқиғаларынан ауыр жарақат алған жағдайларда, сондай-ақ балалар мен жаңа туған нәрестелердің патологиялары, қан айналымы жүйесінің аурулары, акушерлік-гинекологиялық, хирургиялық, терапиялық және басқа аурулар кезінде шұғыл ұшып барамыз», – деді басқарма төрағасының орынбасары.

Қазіргі уақытта медициналық авиация қызметі 24 ұшақ пен 13 тікұшақ пайдаланады. Олардың барлығы Қазақстан Республикасының Азаматтық авиация комитетінде сертифицирталған.



2011 жылдан бастап қарашаға дейінгі аралықта медициналық авиация 20 481 сапар жасаған. Шет елдерге қиын жағдайда қалған Қазақстан азаматтары мен қандастарымызды еліміздің клиникаларына тасымалдау мақсатында әлемнің 24 еліне 92 әуе сапары жасалған.

Ғұмырбек Ағыбаев пациентті аспан жолы арқылы тасымалдау туралы сөз болғанда, осыншама сапардың арғы жағында өмірі қыл үстінде тұрған талай адамның тағдыры жатқанын атап өтті. Кейінгі он жылдық кезеңде 25 155 азаматқа көмек көрсетілген. Оның ішінде 1546 операция жасалған.

Медициналық авиация мамандары пациенттерге қашықтан да кеңес берумен айналысады. Нұр-Сұлтан және Алматы қалаларының

Ashyq қосымшасының арқасында ХҚКО-ларға вирус жұқтырған 390 адам жіберілмеді. Ал 337 тұрғын кинотеатрларға кіргізілмеді.

«Бұл мәртебелерді анықтау бизнеске өз қызметін жалғастыруға және келушілерге қауіп төндірмеуге мүмкіндік берді. Оқшаулау режимін бұзушыларға әкімшілік шаралар қолданылады, оларға 30 АЕК көлемінде айыппұл салынады», – деді С.Байғабылов.

Бұдан басқа, карантиндік шектеулердің сақталуын тексеретін мониторингтік топтардың жұмыстары да жалғасуда. Биыл барлығы 50 849 нысан тексеріліп, 4724 нысанда карантин талаптарын бұзу дерегі тіркелген. 793 заңды тұлға жалпы сомасы 277 млн. теңге, бетперде режимін бұзғаны үшін 6234 тұрғынға 274,2 млн. теңге айыппұл салынған. Заң өкілдері карантиндік талаптарды қасақана бұзған 45 кәсіпкерлік нысанның қызметін тоқтатты.

Мұның бәрі – бас амандығымыз үшін жасалып отырған қадамдар.

сарапшы-дәрігерлері, реаниматологтар, акушер-гинекологтар, инфекционистер, пульмонологтар, кардиологтар, нефрологтар 2021 жылдың 11 айында қашықтықтан 1775 медициналық қызмет көрсеткен.

Спикер «әуедегі жедел жәрдем» қызметі әлемнің бірқатар елінде жоқ екенін, тек жекелеген елдерде ғана халыққа медициналық авиация тегін көмек көрсететінін атап өтті.

Ғұмырбек Ағыбаев ҚР Жедел медициналық көмек қызметіне күн сайын 8 миллионға дейін шақырту түсетінін де айтты. Бүгінгі таңда республикада жедел медициналық көмек қызметі 18 дербес станция, 130 қалалық қосалқы станция және 284 аудандық бөлімшелерден тұратынын тілге тиек етті. Облыстық және қалалық ЖМК станцияларында бір ауысымда 1486 көшпелі жедел жәрдем бригадасы жұмыс істейді, оның ішінде 290-ы – мамандандырылған (дәрігерлік), 1196-сы – фельдшерлік. Қалалық бөлімшелерде – 911 бригада, аудандық бөлімшелерде 576 бригада жұмыс істейді.

Ұлттық шұғыл медицинаны үйлестіру орталығы жұмысының тағы бір бағыты – 2017 жылдан бері табысты жұмыс істеп келе жатқан оқу-тренинг орталығы. Онда медициналық авиация, жедел және шұғыл медициналық көмектің қызметкерлері оқытылады. Барлық кезеңде 21 мыңға жуық тыңдаушы дайындалған.

5 қаңтардан бастап Қазақстанда «омикрон» штамына байланысты карантиндік шектеулер енгізіледі.

ұйымының мәліметтері бойынша өткен аптада әлемде коронавирустық инфекцияны жұқтыру саны 11%-ға өсті. Бұл барлығы бес миллионға жуық адам ауырып қалды дегенді білдіреді. Бұл туралы Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының баяндамасында айтылған. «20–26 желтоқсан аралығында қазан айының басынан бастап біртіндеп өсу жағдайында инфекцияның жалпы саны алдыңғы аптамен салыстырғанда, 11%-ға артты», – деп жазылған ДДҰ-ның апта сайынғы эпидемиологиялық бюллетенінде.

Бетті әзірлеген Нұржамал ӘЛШЕВА.

ЖАҚЫНЫҢА ЖАНАШЫР БОЛ!

«ОМИКРОН» ӘЛЕМНІҢ 110 ЕЛІНДЕ АНЫҚТАЛДЫ

ДДҰ мәліметтері бойынша оның таралу жылдамдығы «дельта» нұсқасынан 5 есе жоғары



Премьер-Министрдің орынбасары Ералы Тоғжановтың төрағалығымен биылғы жылы Қазақстан Республикасының аумағында коронавирустық инфекцияның пайда болуы мен таралуына жол бермеу жөніндегі ВАК-тың қорытынды отырысы өтті. Отырыс барысында елдегі эпидемиологиялық ахуал тұрақты, бірақ «омикрон» бір ай ішінде әлемнің 110 елінде анықталғаны айтылды. ДДҰ мәліметтері бойынша оның таралу жылдамдығы «дельта» нұсқасынан бес есе жоғары.

Осыған орай, 5 қаңтардан бастап Қазақстанда «омикрон» штамына байланысты карантиндік шектеулер енгізіледі. «Денсаулық сақтау министрлігінің қосымша шаралар қабылдау жөніндегі ұсынысы мақұлданды. Атап айтқанда, 5 қаңтардан бастап СОО-ға, сауда үйлері мен караокеге «жасыл» мәртебесі бар адамдарға ғана кіруге рұқсат етіледі», – деп жазады COVID-19 таратпау жөніндегі ВАК. Қазақстан аумағында «омик-

рон» анықталып, эпиджағдайдың нашарлауы жағдайында банктерге, Қазпошта бөлімшелеріне, ХҚКО-ларға, спорттық-сауықтыру орталықтарына, СПА-ға, бассейндерге және т.б. қатысты осындай шаралар қабылданатын болады. Ералы Тоғжанов эпидемиологиялық жағдайдың болжамы халықты вакцинациямен және ревакцинациямен қамтуға тікелей байланысты болатынын атап өтті.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау



2021: ЖЫЛ ТҮЙІНІ

ЕКІҰДАЙ ӘСЕР ҚАЛДЫРҒАН ЖЫЛ



Тыныш заман болса, 2021 жылды біз әдет бойынша олимпиададан кейінгі тыныстау жылы ретінде шығарып салған болар едік. Бірақ 2019 жылдың соңында тіршілігімізге коронавирус араласты. 2020 жылға жоспарланған ең үлкен спорттық мереке – Токио олимпиадасын бір жылға шегертті. Тіпті, шегінген күннің өзінде де, биыл Жазғы олимпиялық ойындардың өту реті саяси дағдарыстарға, бірқатар мәселеге толы болды. Олимпиада өткеннен кейін Жапония премьер-министрі отставкаға кетті. Яғни пандемия жағдайында ауқымы аса ірі шара өткізуге тәуекел еткені үшін де жапа шеккен сыңайлы.

Қазақстан спорты үшін 2021 жыл өкініш пен үмітке толы жыл болды. Есте қалған оқиғаларды кеңінен тарқатып көрейік.



ТОКИО ОЛИМПИАДАСЫ

Ұнжырғамызды түсірген оқиғалар

а) Тұңғыш рет қазақстандық спортшылардың ешқайсысы финалда өнер көрсете алмады;

ә) Тұңғыш рет бокстан Қазақстан құрамасы алтын жүлдесіз оралды. Бұған дейінгі алты жазғы олимпиадада боксшы жігіттердің кем дегенде біреуі Өнұранымызды асқақатып қайтқан еді;

б) Тұңғыш рет Қазақстан құрамасы жалпы есепте үздік елу елдің қатарына ене алмады;

в) Тұңғыш рет үш боксшы (В.Левит, А.Жүсіп, Б.Нұрдаулетов) алғашқы жекпе-жекте жеңілді. Бұрын мұндай сәтсіздік тіркелген емес;

г) Грек-рим және әйелдер күресінен қатысқан алты балуан да алғашқы қарсыластарынан аса алмай, алғашқы айналымнан жол босатты;

ғ) Еркін күрес балуаны Дәулет Ниязбеков екінші рет олимпиада қоласына таласып тұ-

рған асыға күткенмен, Токио олимпиадасы Қазақстан үшін салыстырмалы түрде аса сәтсіз болды. Иә, жүлделер саны бойынша бұрынғы додалардан аса нашарлай қойғанымыз жоқ, бірақ тұңғыш рет отандастарымыз төртжылдықтың басты сынынан не алтын, не күміс жүлде олжалай алмай қайтты. Жалпы есепте Қазақстан құрамасы 83-орында қалды. Токиода ұнжырғамызды түсірген оқиғалар мынадай болды:

рып жеңілді. Бұған дейін ол 2012 жылғы Лондон олимпиадасында бесінші орынға тұрақтаған еді.

Дегенмен, олимпиаданың жақсы деректері де аз болған жоқ:

а) Елдос Сметов дзюдодан екі олимпиадада қатар жүлде алған алғашқы балуан болды;

ә) Ауыр атлетикадан Токио доласына небары екі спортшымыз қатысып (Игорь Сон, Зүлфия Чиншанло), екеуі де жүлдегерлер қатарына енді;

б) Олимпиада бағдарламасына тұңғыш және (бәлкім) соңғы рет кірген каратэден Дарқан Асаділов пен Софья Берульцева жүлдегерлер қатарынан көрінді;

в) Қазақстандық теннисші тұңғыш рет олимпиаданың жартылай финалына шықты. Елена Рыбакина аса тартысты кездесулерде Белинда Бенчич (Швейцария) мен Элина Свитолинаға (Украина) есе жіберіп, төртінші орынға табан тіреді.

ЖЫЛ ЖҮЛДЕГЕРЛЕРІ



Галышева бастаған керуен

Биылғы әлем чемпионаттары Қазақстанға аз жүлде әкелген жоқ. Сөз басында айтып өткеніміздей, пандемия олимпиада мен олимпиададан кейінгі әлемдік додаларды бір жыл аясына сыйдырып жіберді де, Париж олимпиадасы қарсаңындағы буын алмасу процесін жеделдеткендей болды.

Жылды күміспен бастадық. Алматыда өткен әлем чемпионатында фристайлдың могул бағдарламасында олимпиада жүлдегері Юлия Галышева күміс жүлдегер атанды. Жазғы спорт түрлері бойынша әлем чемпионаттары Токио олимпиадасынан кейін өткізілді де, қоржынымыз толығымен түсті.

Токио төрінде жартылай финалда төрешілердің аралас шешімімен жеңілген боксшы Сәкен Бибосынов (51 келі) әлем чемпионатында ешкімді шақ келтірмеді. Сөйтіп, ол бір жыл ішінде олимпиадада да, әлемдік сында да олжа салды. Сербия өткен жарыста Теміртас Жүсіпов (48 келі) әлем чемпионы атанды, Махмұд Сабырхан (54 келі) мен Серік Теміржанов (57 келі) күміс

жүлдеге қол жеткізді. Өкінішке қарай, орта және ауыр салмақтарда отандастарымыз жартылай финал есігін қаға алмады. 67 келіде Абылайхан Жүсіпов үшінші рет әлем чемпионатының қола жүлдегері атанды.

Ауыр атлеттер сыны жыл соңына қарай Ташкентте (Өзбекстан) өтті. Жарыстың алғашқы күні Арли Чонтей (55 келі) алтын жүлде әкелді. Бірақ басқа спортшылар жеңіс жолын жалғастыра алған жоқ. Айзада Мүптілдә (87 келіден жоғары) мен Артем Антропов (96 келі) жүлдеге бір қадам жетпей тоқтады.

Күрес түрлерінен өткен әлем чемпионатында (Осло, Норвегия) «классик» Алмат Кебісбаев қола жүлде жеңіп алды. 67 келіде күрескен балуан осымен бесінші рет әлемдік доладан жүлдемен оралды (1 күміс, 4 қола). Ал Жәмила Бакбергенова (72 келі) финалда жапон қызы Маско Фуруитиден жеңіліп, күміс тұғырға көтерілді. Елге оралған соң Жәмилаға «ҚР еңбек сіңірген спорт шебері» атағы берілді.

ФУТБОЛ



Аса ірі жеңіліс және футбол реформасы

Футболдан Қазақстан құрамасы 2022 жылғы әлем чемпионатында өз тобында соңғы орында қалды. Әрине, бұл футбол жанкүйерлері үшін ерекше жаңалық емес. Украинамен екі рет, Босния және Герцеговинамен сырт алаңда бір рет тең ойнап, отандастарымыз көңілге үміт ұялатып еді. Алайда, қазан және қараша айларындағы үш кездесуде қатар сүрініп, Қазақстан құрамасы өзінің «дәстүрлі» орнына жайғасты. Ең өкініштісі, Париж

төрінде отандастарымыз Франция құрамасынан 0:8 есебімен ойсырай жеңілді. Бұл – Қазақстан құрамасы тарихындағы ең ірі сәтсіздік.

Биыл тұңғыш рет Қазақстан суперкубогы 4 үздік команда арасында сарапқа салынды. Тұңғыш рет Қазақстан кубогының топтық турнирі өткізілді. «Тобыл» екінші рет Қазақстан чемпионы атанды, «Қайрат» тұңғыш рет Конференция лигасының топтық турнирінде өнер көрсетті.

БОЛЖАМ

Жаңа жылдан не күтеміз?

Барыс жылының басты додасы екеу: Бейжіңдегі Қысқы олимпиада және Қатарда өтетін футболдан әлем чемпионаты. Олимпиадаға әзірлік қызып жатыр. Қазақстан құрамасы ең көп құраммен қатысуы мүмкін. Ал жеке құрлық сындарын,

әлем чемпионаттарын айтпағанда, бұл жылы кезекті Азия ойындары жалауын көтереді.

Демек, спортшыларымызға жанкүйер болатын жарыстар жеткілікті. Табысымыз көп, өкінішіміз аз болсын!

Бетті дайындаған Естен САБАЛАҚ.

ЖЫЛ ӨКІНІШТЕРІ

Мықтылар спорттан кеткен жыл

2021 жылы бірқатар айтулы спортшылар белсенді спорттан қол үзді. Дзюдодан Рио олимпиадасының, әлем чемпионатының қола жүлдегері Отгонцэцег Галбадрах, еркін күрестен әлем чемпионатының күміс жүлдегері Дәулет Ниязбеков, танымал дзюдошы Елдос Жұмаканов, Лондон олимпиадасында бесінші орынға тұрақтаған балуан Ғалымжан Өсербаев осы жылы спортпен қош айтысты. «Үлкен дулыға» турнирлерінің финалисі Ярослав Шведова да биыл спорттағы ғұмырына нүкте қойды.

БОКС



Жекпе-жексіз жыл және жаңа чемпион

Қазақстандық жанкүйерлер жыл бойы Геннадий Головкиннен жақсы жаңалық күтті. Алайда, GGG-дің жыл соңына жоспарланған жаңа кездесуі коронавирус салдарынан өтпей қалды. Головкин WBA нұсқасының чемпионы Риото Муратамен біріктірілген жекпе-жек өткізуге тиіс еді. Сөйтіп, өткен жылдың желтоқсанынан бастап қарағандылық боксшы бір жылды бос өткізді.

Рио олимпиадасының чемпионы Данияр Елеусінов 2021 жылды жақсы көңіл күймен шығарып салмақ. 18 желтоқсанда

Нұр-Сұлтанда өткен бокс кешінде ол IBO нұсқасы бойынша әлем чемпионы атағын жеңіп алды. Елеусінов аргентиналық Х.Леаланды төрешілердің ортақ шешімімен жеңді.

Ал Жәнібек Әлімханұлы бұрынғы әлем чемпионы Хассан Н'Жикамды техникалық нокаутпен жеңген соң, WBO нұсқасы бойынша әлем чемпионы атағына ресми үміткер болып тіркелді. Алайда, осы нұсқадағы әлем чемпионы Д.Андрасе (АҚШ) бұл жекпе-жектен бас тартатынын мәлімдеп қойды. Қаңтар айының ортасында нақты шешім белгілі болады.



Міне, тағы бір күнтізбелік жыл тарих қойнауына кетіп, төрімізге келер Жаңа жылға да санаулы күндер қалды. Баршамыз Жаңа жылдан бізге не берер деген үміт пен жақсылықтар күтеміз. Бүкіл әлем халқы Жаңа жылды ерекше салтанатпен, үлкен үмітпен қарсы алады. Ал осы мерекенің басты нышаны шырша мен сүйікті кейіпкері Аяз Ата өмірге келгеніне қанша уақыт болды деп ойлайсыздар? Осындай сұрақтар Сізді қызықтыра ма? Олай болса, бүгін сіздерге талай жанның дастарханда басын қосқан «Жаңа жыл» тарихынан сыр шертеміз.



АЯЗ АТА ӨМІРГЕ ҚАШАН КЕЛГЕН?

Ғалымдардың айтуынша, Жаңа жылды тойлау шамамен біздің дәуірімізге дейін, 3000 жылы алғаш рет Месопотамияда басталған. Көне замандағы адамдар Мадрук құдай зұлымдық пен өлімді жеңді деп санаған. Сол себепті, Месопотамия халқы жақсылықтың жамандықты жойғанына қуанып, бірнеше ай бойы тойлайды. Әртүрлі карнавалдар, маскарадтар мен шерулер өткізеді. Мейрам кезінде жұмыс істеуге, жазалауға және сот шешімін шығаруға тыйым салынған.

Уақыт өте келе бұл дәстүрді мысырлықтар мен гректер жалғастырып, содан соң римдіктер мен өзге халықтарға тарай бастайды. Ежелгі Грекияда Жаңа жыл жазғы күн тоқырауы – 22 маусымда тойланып, шарап құдайы – Диониске арналған. Гректердің жыл санауы Олимпиада ойындарынан басталды.

Жаңа жыл мерекесі әр елде әртүрлі тойланғанымен, оны барлығы бірдей асыға күтеді. Тіпті, желтоқсан айының алғашқы күндерінен бастап ауылда не қалада болсын қысқы мерейдің ажары байқала бастайды. Ғалымдардың айтуынша, адам баласы алғашқы Жаңа жылды біздің заманымыздан бұрынғы үшінші мыңжылдықта атап өткен. Жаңа жылды тойлау ме-

жесі Тигр мен Евфрат өзендеріне су толып, егін шаруашылығының басталған кезіне тура келеді. Уақыт өте келе, мереке Бабыл тұтқындары арқылы гректерге, ал гректерден Еуропаға тарай бастаған. Рим императоры Юлий Цезарь жаңа күнтізбе енгізген кезде, Жаңа жылдың алғашқы күні 1 қаңтар болып есептелінген. Римдіктер Жаңа жылды сәтті өткізу үшін бірінші күнді қуанышқа толы етіп қарсы алатын болған. Сондай-ақ, Жаңа жыл көне Мысыр елінде де тойланып келген екен. Ондаған ғасырлар бұрын шаруашылықта жаңа маусымға септік болатын Ніл өзені суының толасуының өмірлік маңызы бар болыпты. Сондықтан сол күннен бастап жаңа күнді тойлау дәстүрге айналып келеді. Бірақ орта ғасырларға дейін көптеген елдерде егін шаруашылығының бастауы мен өнім жинаудың аяқталуына байланысты Жаңа жыл көктемде немесе күздің аяғында өткізілетін болған. 1600 жылдары аталған мерекенің тойлану уақыты күзден қыстың бас кезіне ауыса бастайды. Кейіннен бірінші қаңтарға ығыстырылғанымен, Григориан күнтізбесі енгізіліп, Жаңа жыл он үш күнге созылады. Сол себепті, әзірге дейін ескі жаңа жыл ресми болмаса да, 13 қаңтар күні тойланып келеді.

Жаңа жылды бірінші қарсы алатын елдер

Жаңа жылды бірінші болып Кирибати халқы қарсы алады. Кішкентай ғана арал-мемлекет Тынық мұхитында орналасқан. Бір қызығы, 1994 жылы президент сайлауына түскен үміткер жеңіске жетіп жатса, Кирибати еліне жаңа жылды бірінші қарсы алуға мүмкіндік жасайтынын айтқан.

Қазір Кирибати үш уақыт белдеуіне бөлінген. Елдің шығысындағы тұрғындар Жаңа жылды Нұр-Сұлтан уақытымен 31 желтоқсан күні 16.00-де қарсы алады. 15

минуттан соң мерекені тойлауға Жаңа Зеландияның Чатем аралының тұрғындары қосылады. Өйткені, бұл арал Жаңа Зеландияның құрамына кіргенімен, өзі бөлек арнайы уақыт белдеуіне қосылған.

Сондай-ақ, Тонга корольдігі Жаңа жылды алғашқылардың қатарында қарсы алады. Король төртінші Тауфаахау Тупоу Тонганы Гринвич уақытынан 13 сағат алда жүретіндей етіп бекітті. Осылайша Тонга Кирибати және Чатем аралымен бірге жаңа жылды бірінші қарсы алады.



ӘР ЕЛДІҢ САЛТЫ БАСҚА

ӘЛЕМ ЕЛДЕРІНДЕ ЖАҢА ЖЫЛ ҚАЛАЙ ТОЙЛАНАДЫ?

- *Бирмада Жаңа жыл түні ыстық болатындықтан бұл күні тұрғындар Су фестивалін ұйымдастырады. Яғни адамдар бір-біріне су шашады және оған ешкім реніш білдірмейді. Себебі, бұл әрекеттің астарында «Жаңа жыл бақыт әкелсін» деген тілек жатыр.*
- *Вьетнамда да біздегідей Жаңа жылды түнде қарсы алады. Кеш батысымен әсергілікті халық саябақтар мен көшелерде от жағып, бірнеше отбасы оның айналасына жиналады да, отқа күріштен жасалған түрлі дәмді тағамдар әзірлейді. Жаңа жыл түнінде вьетнамдықтар тірі тұқы балықты суға жібереді. Олардың нанымы бойынша, тұқы балықтың үстінде Құдай болады екен және ол Жаңа жыл түнінде аспанға ұшып, Жердегі адамдар қалай өмір сүретінін баяндайтын көрінеді.*
- *Ал Аргентинада түрлі мекеме мен кеңсе қызметкерлері ескі жылдың соңғы жұмыс күнінде қажетсіз құжаттар мен қағаздарды, күнтізбелерді терезеден лақтыруды бұрыннан дәстүрге айналдырған. Елдің іскерлік ордасы – Буэнос-Айресте түс ауа тасжелол мен жаяужолдарды ақ қағаздар жауып қалады. Аталмыш дәстүрдің қалайсыз тұсы осында. Бірде баспахана қызметкерлері қағаз лақтыруға қызу кірісіп кетсе керек, терезеден газеттің бүкіл мұрағатын лақтырып тастаған екен.*
- *Ұлыбританияда Жаңа жылды мерекелеуде сүйір жасаырақты ағаштың бұтасымен үйді әшекейлеу дәстүрге сіңіп кеткен. Сондай-ақ, Рождество қарсаңында ер адам осы бұтаның астында тұрып қалған кез келген қызды, тіпті танымаса да, сүйеге құқылы.*
- *Ал Грекияда сағат тілі түнгі он екінші көрсеткен уақытта отағасы аулаға шығып, анарды қабырғаға қатты ұрып жарады. Егер оның дәндері жан-жаққа ұшып, шашырап кетсе, Жаңа жылда отбасы бақытты өмір сүреді деген сенім бар.*
- *Ирландияда Жаңа жыл қарсаңында үйдің есіктері айқара ашылып тұрады. Кез келген адам қалаған үйіне кіре береді және ол сыйлы қонақ саналады. Оған төрден орын беріп, шарап құйып, «Осы үйдегі және бүкіл әлемдегі татулық үшін!» деген тілек айтылады. Он екіге қарай ирландықтар орталық алаңға шығып, ән айтып, би билейді, жалпы, көңіл көтереді.*
- *Кенияда Жаңа жылды суда қарсы алу дәстүрге айналған. Кениялықтар бұл мерекеді өзен-көлге шомылып, қайыққа мініп, көңіл көтереді.*
- *Колумбияда оқ ату, жарылыс пен отшашусыз мереке болмайды деп саналады. Жаңа жылда колумбиялықтар ескі жылды бейнелейтін қуыршақ жасайды да, оларды таяқпен алып жүреді. Содан соң оны алысқа лақтырады. Қуыршақтың ішіне салынған күкірт, оқ-дәрілер түн жарымында атыла бастайды. Осылайша бұл от пен түтінге оранған ескі жыл Жаңа жылға жол ұсынады деген мағына береді.*
- *Ал Перудегі жаңажылдық дәстүр тіпті қызық. Егер кімде-кім Жаңа жыл түнінде өз үйін шабаданмен айналып өтсе, онда Жаңа жылда ол көптен бері армандаған сапарға шығуы ықтимал. Егер үй айналасында қолына шыбық ұстаған бойжеткен жүрсе және ол есігітке шыбықтың екінші ұшына ұстауды ұсынса, онда ол екеуі отбасын құрады деген ырым екен.*
- *Швецияда Жаңа жыл мерекесінде көршілердің ауласында ыдыс-аяқ сындыру дәстүрі бар.*
- *Шотландияда Жаңа жыл қарсаңында бөшкеге құйылған шайырды жағып, ол бөшкені көшемен сырғанатады. Бұл ескі жылды жаңу дәстүрі деп аталады. Сағат тілі он екіге жақындаған сәтте отағасы үнсіз үй есігін соңғы секундқа дейін ашық ұстап тұрады. Осылайша ол үйге Жаңа жылды кіргізген болады. Сондай-ақ, Жаңа жылда үйге келген қонақ өзімен бірге бір кесек көмір алып келіп, оны отбасылық камин, үй пешіне тастайды және отбасындағы оттың сөнбеуін тілейді.*
- *Ал Болгарияда ағайын-туыс пен дос-жаран мерекелік дастархан басына жиналады да, барлық үйде жарық үш минутқа сөндіріледі. Жарық сөнген сәтті «жаңажылдық сүйісу уақыты» деп атайды екен және оның құпиясын қараңғылық қана біледі деп санайды.*

Дініміз не дейді?

Жаңа жылды асыға күтіп, сағат тілдері он екіден асқан соң жаңа өмірді бастауға ұмтылатын адамдар бар. Алайда, адамзаттың барлығы 100 пайыз бірдей емес екені белгілі. Біреулер үшін Жаңа жылдың келуі ешқандай да мейрам емес. Тек жаңа айдың, жаңа күннің басталуы саналады. Дінді негізге алып, Жаңа жылды тойламайтындар да жоқ емес. Ислам діні бойынша Жаңа жылды тойлауға бола ма? Бұл сұрақтың жауабын «Ақмешіт» имамы Мұхиддин ұстаздан сұрап көрдік:

«Исламда мынадай қағида бар. Егер елдің мәдениеті, салт-дәстүрі исламға қайшы келмесе, дініміз оны ұстануға рұқсат береді. Біздің бұрынғы ата-бабамыз, жалпы түркі жұрты исламға дейін көктегі бір Тәңірге сенетін. Ислам келгенде ата-бабаларымыз оны бірден қабылдады. Қазақтың, түркілердің дәстүрінің 90 пайызы, мүмкін одан да көбі, дінімізге сәйкес келген соң, жойылып кеткен жоқ», – деді имам.

P.S.

Жаңа жыл – барша жұрт асыға күтетін, таңғажайып әрі ең көңілді отбасылық мейрам. Мерекелеріңізбен!

Әзірлеген Айжан БҮРКІТБАЕВА.



ЖАҢАЛЫҚҚА, ЖАҚСЫЛЫҚҚА

Бұл жылды да тарих қой-
науына жібергелі отырмыз.
Өйткені, Барыс жылы есік
қағып келіп қалды.
Ақпарат айдынында үлкен
орны бар біздің «Almaty
aqshamy» мен «Вечерний
Almaty» газеттерінің басын
қосып отырған «Alatau
Aqparat» медиахолдингінің
бір жыл ішіндегі елеулі
жаңалықтарымен, жарқын
сәттерімен өздеріңізбен
бөлісуге асықпыз, құрметті
оқырман!

Мерейлі жыл

Биыл ел үшін айтулы жыл бол-
ды. Қазақстан Тәуелсіздігінің 30
жылдық белесін абыройлы атап
өттік. Алматының шамшырағына
айналған қос газет пен олардың
сайттары 30 жылда жеткен жетістік-
теріміз бен биік табыстарымызды
күн құрғатпай, жыл бойына насихат-
тап отырды.

Егемендік алуымызда өзіндік қол-
таңбасы бар тұлғаларды, яғни аға
буынды және Тәуелсіздік құрдастарын,
яғни жас буынды ұдайы көрсетіп отыр-
дық.

Биыл бізбен бірге тыныстап келе
жатқан «Вечерний Almaty» газетінің 85
жылдығы да Тәуелсіздіктің 30 жылды-
ғы мерейтойымен тұспа-тұс келіп, то-
йымыз тойға ұласты. Осы мерекеге
орай Алматы қаласы әкімдігінің қол-
дауымен қала жаршысының ребрен-
дингі ұйымдастырылды.

Биыл «Вечерний Almaty» газеті ҚР
Президентінің Алғыс хатына ие болды.
Сондай-ақ, Қазақстан бойынша БАҚ
арасында шахматтан өткен III Кубокта
I орын иеленді. Тақта үстіндегі текеті-
ресте әріптесіміз Саяхат Боранбаев
Қазақстан бойынша I-орынды жеңіп
алды. Жеңімпазға Алматы – Дубай –
Алматы бағыты бойынша екі адамға
эконом-класс билеттері табыс етілді.

Қос басылыммен бірге ілесіп келе
жатқан біздің Almaty-akshamy.kz пен
Vecher.kz деп аталатын интернет-пор-
талдарымыз да оқырман ықыласына
бөленіп, мегаполистің тыныс-тіршілігі-
не үлес қосуда.

Әріптестеріміздің мерейтойымен
қала әкімі Бакытжан Сағынтаев редак-
цияға арнайы құттықтай келіп, қос га-
зеттің тыныс-тіршілігімен танысты.



Суреттерді түсірген Саяхат Құсайынов



Індетпен алғы сапта күрестік

Биылғы жылы да пандемия бізге бауырымызды жиғызбады. Сон-
дықтан қаланың эпидемиологиялық ахуалын біз де қадағалап отыр-
дық. Алматылықтарға вакцинадан емес, қауіпті індеттен қорқу ке-
ректігін түсіндіруге тырыстық.

Алматының Халықаралық әуежайына COVID-19-ға қарсы егілетін
вакцинаның алғашқы партиясы жеткізіліп, әуе кемесінен түсіріле баста-
ғанда, «Almaty aqshamy» мен «Вечерний Almaty» газеттерінің журналис-
тері де республикадағы санаулы БАҚ өкілдері арасынан жедел жетіп,
тұрғындарға бірінші болып нақты да ресми ақпараттар таратты.

